Түйіндеме: Бұл ғылыми мақалада жер иелері мен жер пайдаланушыларға келтірілген залалды есептеу немесе анықтау кезінде жер заңнамасының үстемдігі қағидасы қарастырылған. Бұл ереже жер учаскелерінің меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға келтірілген зиянның орнын толтыру кезінде шығыстарды өтеу жер заңдарында белгіленген нақты негіздер бойынша ғана жүргізілетінін белгілейді. Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға келтірілген зиянды өтеу процесінде, ең алдымен, өтемақы негіздерін және өтелуге жататын шығындардың ерекшеліктерін анықтау үшін жер заңнамасының нормаларын зерделеу қажет, өйткені олар болмаған жағдайда құқықтық қатынаста басқа ережелерге жүгінуге тура келеді. Ал егер екі жерде құқықтық қатынастар туындайтын жағдайлар болса, одан әрі іс-әрекеттер осы қағида бойынша жүзеге асырылуы тиіс. Осыған орай, ғылыми мақалада көрсетілген жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға келтірілген залалдарды өтеу қағидағтарын іске асыруды қамтамасыз ету нақты көрсетілген. Сондай-ақ жер учаскелерін жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан мәжбүрлеп иеліктен шығару тек жер заңнамасында көзделген жағдайларда ғана жүзеге асырылатыны көрсетілген.

Түйін сөздер: жер пайдаланушылар, жерді алып қою кезеңдері, залалды өтеу, нормативтік құқықтық актілер, зиянды өтеу, заңдылық, жер учаскесін сатып алу, жер учаскелерінің меншік иелері.

УСЛОВИЯ ВОЗМЕЩЕНИЯ УБЫТКОВ, ПРИЧИНЕННЫХ ЗЕМЛЕВЛАДЕЛЬЦАМ И ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАТЕЛЯМ

Аннотация: В данной научной статье рассматривается принцип верховенства земельного законодательства при исчислении или определении ущерба, причиненного землевладельцам и землепользователям. Это правило устанавливает, что при возмещении вреда, причиненного собственникам земли и землепользователям, расходы возмещаются только по конкретным основаниям, указанным в земельном законодательстве. В процессе возмещения вреда собственникам земли и землепользователям в первую очередь необходимо изучить положения земельного законодательства для определения основания возмещения и особенностей возмещаемых затрат, поскольку при отсутствии каких-либо правоотношений мы будем иметь ссылаться на другие правила. И если бывают случаи, когда правоотношения возникают в двух местах, то дальнейшие действия

необходимо осуществлять по этому принципу. В связи с этим целесообразно обеспечить реализацию указанных в научной статье принципов возмещения убытков землевладельцам и землепользователям. Также указывается, что принудительное отчуждение земель у собственников земель и землепользователей осуществляется только в случаях, предусмотренных земельным законодательством.

Ключевые слова: землепользователи, этапы изъятия земель, возмещения убытков, нормативно правовые акты, возмещении вреда, законность, выкуп земельного участка, собственники земель.

CONDITIONS FOR COMPENSATION OF LOSSES CAUSED TO LAND OWNERS AND LAND USERS

Annotation: This scientific article discusses the principle of the supremacy of land legislation in calculating or determining the damage caused to landowners and land users. This rule establishes that when compensating for damage caused to land owners and land users, expenses are reimbursed only on specific grounds specified in land legislation. In the process of compensation for damage to land owners and land users, first of all, it is necessary to study the provisions of land legislation to determine the basis for compensation and the features of the costs to be reimbursed, since in the absence of any legal relationship, we will have to refer to other rules. And if there are cases when legal relations arise in two places, then further actions must be carried out according to this principle. In this regard, it is advisable to ensure the implementation of the principles of compensation for losses to landowners and land users indicated in the scientific article. It is also indicated that the forced alienation of land from land owners and land users is carried out only in cases provided for by land legislation.

Key words: land users, regulations, stages of land withdrawal, compensation for losses, regulatory legal acts, compensation for harm, legality, redemption of a land plot, land owners.

Жер учаскелері мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған кезде келтірілген шығынды өтеудің жалпы сипаттамасы

Қазақстан Республикасы егемендігін алып, тәуелсіздік алғалы бері қоғамдық қатынастар, оның ішінде жер қатынастары үлкен қарқынмен дами бастады. Мемлекетіміз нарықтық экономиканы бейімдеп отырып, жер қатынасын дамыта отырып экономиканың қарқынды салаларын дамытуды мақсат етті. Қазіргі кезде қоғамызда орын алып отырған жер дауларының басым бөлігі қолданыстағы заңдардағы олқылықтан емес, сол жер заңдарында қарастырылған мәселелердің дұрыс орындалмауынан болып отыр. Нарықтық қоғам жағдайында жер учаскелерін мемлекет мұқтаждары үшін сатып алу арқылы өнеркәсіптік кешенді, нақтырақ айтсақ қала мен қала құрылысын нарық қиыншылығынан шығаруға дамытуға байланысты үлкен экономикалық үміт артылып отыр.

Бүгінгі күні жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін жер меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару қала құрылысымен, жүргізіліп отырған тұрғын үй саясатымен және жер қойнауын пайдаланумен, мұнай және газ объектілерін салумен, онымен қоса магистральды құбырлар салу мақсатымен тығыз байланысты болып отырғандығы көрінеді. Осыған орай еліміздің заңдарында жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару мәселесіне біршама көңіл бөлінген. Жер учаскесін жер меншік иесінен немесе жер пайдаланушыдан мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару институты күрделі негіздерінің біріне жатқызылады. Себебі, Қазақстан Республикасы Конституциясында жеке меншікке қол сұғылмайтындығына кепілдік берілген.

Қазақстандық ғалым – заңгерлердің жер учаскесін мемлекет мұқтаждары үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарумен және жер учаскесін алып қоюдың құқықтық табиғатын көп негізгі қырларынан көрсететін құнды ғылыми еңбектері бар. Олардың ішінде жер учаскесін мемлекет мұқтаждары үшін алып қоюдың құқықтық мәселелерін, жер учаскесін иеліктен шығарудың рәсімдері мен негіздеріне, онымен қоса жер учаскесін мемлекет мұқтаждығы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару кезіндегі жер меншік иелері мен жер пайдаланушыларға келтірілген шығындарды өтеуге байланысты мәселелерді зерттеген Б.Ж. Әбдірайымов, С.Б. Байсалов, Ә.Е. Бектұрғанов, Ә.С. Стамқұлов, А.Х. Хаджиев, Л.К. Еркінбаева және тағы басқаларын ерекше атауға болады.

Соған қарамастан, осы саладағы зерттеулер нақты жер учаскесі иеліктен шығару құқықтық қатынасының субъектілері мен объектілерін, осы салада жер учаскесін мемлекет мұқтаждары үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жүзеге асыратын құзыретті органдардың құқықтық жағдайын, келтірілген шығындарды есептеу мен өтеу тәртібін және тағы да басқа теориялық мәселелер төңірегінде зерттеуге байланысты кешенді зерттеулер мен бірізді пікірлер жоқ.

Қазіргі қолданыстағы Жер кодексіне сәйкес, мемлекеттік органдардың мәжбүрлеу түрінде жеке меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың жер учаскесіне меншік құқығын немесе пайдалану құқығын тоқтатудың екі институтын қолданады. Айталық, оның бірі мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару болса, ал екіншісі мәжбүрлеп алып қою танылады.

Қазақстан Республикасы Жер кодексіне 2007 жылғы 8 қантардағы өзгертулер енгізілмей тұрып, жер учаскесінің қандай жағдайларда мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы қарастырылмаған етін [1]. Ал, алып қою құқықтық қатынастары енгізілуге дейін көп қатынастарды өзіне біріктірген болатын. Бұған дейін «мемлекет мұқтажы» деген ұғымның бірыңғай ұғынылып, қолданылуы тұрғысынан Жер кодексінің бүкіл мәтіні бойынша «мемлекеттік қажеттіктер» деген сөздерді «мемлекет мұқтажы» деген сөздермен ауыстыруды ұсынды. Сонымен бір мезгілде «мәжбүрлеп иеліктен шығару» ұғымын нысаналы пайдаланылмай отырған немесе заңнаманы бұза отырып пайдаланылып жүрген жер учаскелерін алып қойған жағдайларда қолдану ұсынылды. «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» және «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала

құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңдарда жер учаскесін иеліктен шығару шарты ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясында айқындалғандай «мемлекеттік мұқтаждықтар» емес, «мемлекеттік қажеттіліктер» көрсетілген, бұл іс жүзінде Конституцияның 26-бабының 3-тармағында көзделген жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару шартын кеңінен түсіндіруге мүмкіндік береді. Осыған байланысты бірқатар нормативтік құқықтық актілерде «мемлекеттік қажеттіліктер» деген сөздерді «мемлекеттік мұқтаждықтар» деген сөздермен ауыстырылған [2].

Жерді мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару мен жер учаскесін алып қою институттары Жер кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес анықтауға болады. Жер кодексінің 84-бабының 2-тармағында мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың ерекше негіздерін көрсетті. Ал, мәжбүрлеп алып қою төтенше жағдайлар кезінде, мақсаты бойынша жер учаскесін пайдаланбаған жағдайларда және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып отырылған жер учаскелері, тәркілеу арқылы алып қоюлар жатқызылады [1].

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару кезінде жер меншік иесі мен жер пайдаланушыға келтірілген шығынның орнын толтыру сол жер учаскесіне мүдделі тұлғаның есебінен жүргізіледі. Жер меншік иесінен немесе жер пайдаланушыдан жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруда императивтік әдістердің қолданатындығы көрініс табады. Жер меншік иелері мен жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтаждықтары үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару кезінде келтірілген шығын мен жерге меншік иелік ету мен жер пайдаланудың құқығын бұзу (өз бетімен басып алу) арқылы келтірілген шығынның айырмашылығы бар. Бірінші жағдайда, жер меншік иесі мен жер пайдаланушы мемлекеттік басқару органдары тарапынан заңды түрде шығынға ұшырауы танылса, екінші жағдайда жауапкер ретінде тартылып отырған тарапынан шығынға ұшырауы танылады. Жер учаскесін алып қоюдың мемлекет мұқтажы үшін алып қоюдан ерекшелігі болғанымен, олардың ұқсастықтары да бар. Біріншіден, екеуінде де меншік құқығы еріксіз тоқтатылады. Кейбір реттерде сот шешімі де негіз болуы мүмкін. Екіншіден, екеуі де, ақылы негізде жүзеге асырылады. Үшіншіден, меншік иесі мен жер пайдаланушыға келтірілген шығындар өтеледі. Төртіншіден, екі жағдайда да жер учаскесіне меншік құқығы немесе жер пайдалану құқығы белгілі бір экономикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру тұрғысында тоқтатылады. Ал олардың ерекшелігі біріншісінде, жер учаскесі азаматтық құқықтық жауапкершілік ретінде алынса, екіншісінде, мемлекет мұқтаждықтары үшін алынады.

Кез келген иеліктен шығару немесе алып қою мәжбүрлеу сипатында болады, яғни жер учаскесі иесінің еркінен тыс алып қоюы арқылы жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда жер учаскесі меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтары өте әлсіз келеді және құқықтық тұрғыдан қорғалмайды. Сол себептіде, жер учаскесін мемлекет мұқтаждықтары үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған кезде, жер учаскесі меншік иелері мен жер

пайдаланушылардың құқықтарын қорғаудың негізгі қамтамасыз етілетін құқықтық тетіктерін қарастыру керек.

А.П. Гетман алып қоюды екі аспектіде, біріншісі, алынып отырған табиғи объектіні пайдалануға беру, ал екіншісі, осы алынып отырған табиғи объектіге деген құқықты тоқтату [3, 26б.]. Заңды әрекет арқылы жер пайдалану құқығын тоқтату жер учаскесіне меншік иесінен алып екінші бір жер пайдаланушыға заңға сәйкес мемлекет және қоғамдық қажеттігі үшін алып қоюды жатқызамыз. Осындай әрекеттің соңында белгілі бір мүліктік салдарлар туындауы мүмкін, мұндай салдарлар алынып отырылған жер учаскесінде орналасқан құрылыстың немесе өсімдіктердің бағасының құнын өтелуімен түсіндіріледі. Жалпы, мемлекет шешімі негізінде алып қою барысында келтірілген шығынмен мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару барысында келтірілген шығынның айырмашылығы бар, бірінші жағдайда ол жер учаскесіне меншік иесінің заңсыз әрекеті арқылы, ал екінші жағдайда заңды әрекет арқылы келтірілген шығын.

Екіншіден, алып қою жауапкершілік нысаны ретінде, егер белгілі құқық бұзушылық орын алса. Оның дәлелі ретінде А.Х. Хаджиев: «Қазіргі жер заңы жер құқығының тұрақтылық қағидасын дамытуда. Соған байланысты жер заңнамасын ұдайы бұзу, егер оған негізді дәлелдер болған жағдайларда ғана, шекті жауапкершілік шарасы ретінде мәжбүрлі түрде жерге деген құқығынан айыру қолданылады». Жер құқықтық қатынастарын бұзғаны үшін жер – құқықтық жауапкершілік шарасы ретінде қолданатындығы көрсетіледі [4, 188 б.].

Үшіншіден, алып қою мемлекет мұқтажы және қоғам қажеттігі үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың әдісі ретінде танылады.

Төртіншіден, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған жағдайда.

Бесіншіден, жер процесіне деген кезеңдерінің бірі ретінде [5, 31 б.]. Ол дегеніміз, жер учаскесін пайдалануға табыстау алдында алып қою процесі бір ғана объектіге қатысты көрініс табады. Бір жағынан осы объектіге қатысты жерді пайдалану құқығының тоқталуына әкеп соғатын процесс болса, екінші жағынан объектіге қатысты пайдалану құқығының туындауын тудырады. Жеке тұрғыдан алып қарастырсақ, мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттігі үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жағдайда біз бір ғана объектіні көреміз, ол жер учаскесі, ал заңи тұрғыдан біз екі әр түрлі объектімен соқтығысамыз, әрине бұл объектілер құқықтық қатынастың екі түрін қалыптастырады, олар алып қою және табыстау түрі ретінде көрініс табады. Осыған мысал ретінде, Ю.Г. Жариков былай дейді, егер жер меншік иесі өзінің жер учаскесін мақсатқа сай пайдаланбаса немесе қатаң бұзушылықтар жасаған жағдайларда алып қою процесі іске асырылады. Осы жерде кері процестің орын алғанын байқауға болады, ол жеке меншіктен қайта мемлекеттік меншікке өтуі [6, 84 б.].

Біздің пікірімізше тағы бір негіз ретінде, Е.В. Нестерова мемлекеттік меншік құқығының пайда болуына әкеп соғатын арнайы әдісі ретінде

қарастыратындығы. Мұндай арнайы әдіс жариялы - құқықтық нормалармен реттелетіндігін айтады [7, 29-31 б.].

Сонымен, жер учаскесін мемлекет мұқтаждықтары үшін алып қою дегеніміз – бұл құзыретті органдардың мемлекетпен белгіленген реттерде және ерекше тәртіп бойынша, мемлекет мүддесі үшін меншік құқығы мен жер пайдалану құқығын күштеп тоқтатуға бағытталған заңды іс әрекеттердің жиынтығы болып табылады.

Жер учаскесіне меншік құқығы мен жер пайдалану құқығын мәжбүрлеп иеліктен шығару құқығы мемлекеттің негізгі меншік иесі ретіндегі құқығы мен саяси егеменділігінен туындап отырғандығын айқындайды. Мемлекет жер учаскесін меншік иесі мен жер пайдаланушыдан мемлекет мұқтаждықтары үшін мәжбүрлеп иеліктен шығара отырып, ол жерлерді қоғам мүддесі үшін неғұрлым тиімді пайдалану үшін қайта бөлу жұмыстарын жүргізеді. Осыған байланысты Б.Ж. Әбдрайымовтың “Шын мәнінде, мемлекет мұқтаждықтары үшін жер учаскесін алып қою, әрқашан да жерді қайта бөлуді көздейді”, - дегені орынды [8].

Жер учаскесін алып қою немесе иеліктен шығару азаматтық құқықтың «келтірілген шығынның толық өтелуі қағидасына» сәйкес, меншік иесіне келтірілген барлық шығындарды өтеу тәртібімен жүзеге асырылуы қажет. Сатып алынатын жер учаскесінің бағасын айқындау кезінде оған жер учаскесінің немесе оған құқықтардың, онда орналасқан жылжымайтын мүліктің нарықтық құны, сондай ақ үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелердің мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты өздері шеккен шығындарды қоса алғанда, жер учаскесінен айырылуына байланысты меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға келтірілген барлық шығын қосылады. Бұл қағидаға үшінші тарауда толық түрде тоқталып өтеміз.

Үшінші қағидасы ретінде, жер учаскелеріне меншік иелері мен жер пайдаланушылардың мүліктік құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған жерге деген құқықтардың тұрақтылық қағидасы. Бұл қағида жерді тиімді пайдалануға, жердің сапасын жақсарту мен арттыру үшін қосымша қаражат жұмсауға, жер пайдалану құқығының мерзімін ұзартуға ықпал етеді. Бұл қағида меншік құқығы мен жер пайдалану құқығын тоқтату кезінде қолданылмайды.

Төртінші қағидаға, жерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету қағидасы. Бұл қағида жер құқығында барлық қағидалардан жоғары тұрады. Оның маңыздылығын жер заңдарының басты мақсаты «жерді тиімді пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ету» екендігімен байқауға болады. Жерді тиімді пайдалану дегеніміз, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде жоғары жетістіктерге жету мақсатында жерді ғылыми негізді, жоспарлы түрде пайдалану, өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің басымдылығы мен жердің өзге де объектілерімен байланысын ескере отырып орналастыру. Жерді тиімді пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ету, және екіншіден, ауыл шаруашылығы алқаптарының көлемінің азаюына барынша жол бермеу.

Бұл қағиданың маңызы жердің әрбір телімін үнемді және тиімді пайдалануда, жердің құнарлығын арттыруды, құндылығы жоғары ауыл шаруашылығы алқаптарын төмен алқаптарға ауыстыруға жол бермеуде болып отыр. Сонымен, бұл қағиданың мазмұны жердің әртүрлі санаттары үшін кейбір ерекшеліктері де бар.

Қорыта келе, жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың өзіне тән қағидаларына жер учаскесін ұтымды пайдалану қағидасын ұсынар едік. Себебі жерді ұтымды пайдаланудың оны тиімді пайдаланудан ерекшелігі бар. Жерді тиімді пайдалану дегеніміз табиғи объект ретінде жер учаскесін күтіп ұстау, оның залалдануына жол бермеу және қорғау шараларының жиынтығы болып табылады.

Пайдаланылған қайнар көздер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Жер кодексі 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-ІІ (08.01.2022ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=51040583

2 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (23.03.2019ж.берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029

3 Земельное и колхозное право. Под. ред. Проф. А.П. Гетман. М., “Юрид. Лит-ра” –2015. - 321 б.

4 Хаджиев А.Х. Земельное право Республики Казахстан (Общая часть). – Алматы: Данекер, 2011. – 372с.

5 Дусипов Е.Ш. Жерге жеке меншік құқығының негіздері. Заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. –Алматы, 2001. - 122 б.

6 Жариков Ю.Г. Некоторые вопросы права собственности на землю в Республике Казахстан // Вестник МинЮста РК. – Алматы 2011. №2

7 Нестерова Е.В. Молодому предпринимателю. Новое законодательство о собственности, аренде, земле. М., 2012. - 120 б.

8 Абдраимов Б.Ж. Земельный процесс в Республике Казахстан. Учебное практическое пособие. –Алматы: Юрист, 2011. -233с

УДК 360.84 А 24

Беркинбаев А.Б.

Магистрант Евразийской Юридической Академии имени Д.А.Кунаева

ПОНЯТИЕ И ЦЕЛИ ВЕРБАЛЬНЫХ СЛЕДСТВЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ

Аннотация: в статье рассматриваются понятие и цели вербальных следственных действий. На основе анализа действующего уголовно-

процессуального закона и юридической литературы автор статьи сделал выводы относительно дефиниции и целей проведения вербальных следственных действий, что позитивным образом скажется на результатах проведения следственных действий.

Целью настоящей статьи является изучение различных точек зрения на понятия и цели вербальных следственных действий. Как показывает анализ криминалистической и уголовно-процессуальной литературы, на сегодняшний день нет единого мнения относительно понятия и цели вербальных следственных действий, что указывает на сложность рассматриваемой проблемы и необходимость проведения соответствующего исследования.

Ключевые слова: вербальные следственные действия, задачи вербальных следственных действий, понятие и задачи допроса.

АУЫЗША ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ТҮСІНІГІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Аннотация: мақалада ауызша тергеу әрекеттерінің түсінігі мен мақсаттары қарастырылады. Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасын және заң әдебиетін талдау негізінде мақала авторы тергеу әрекеттерінің нәтижелеріне оң әсер ететін ауызша тергеу әрекеттерін жүргізудің анықтамасы мен мақсаттарына қатысты қорытындылар жасады.

Бұл мақаланың мақсаты - ауызша тергеу әрекеттерінің тұжырымдамалары мен мақсаттары туралы әртүрлі көзқарастарды зерттеу. Сот-медициналық және қылмыстық-процессуалдық әдебиеттерді талдау көрсеткендей, бүгінгі күні ауызша тергеу әрекеттерінің түсінігі мен мақсатына қатысты ортақ пікір жоқ, бұл қарастырылып отырған мәселенің күрделілігін және тиісті зерттеу жүргізу қажеттілігін көрсетеді.

Негізгі сөздер: ауызша тергеу әрекеттері, ауызша тергеу әрекеттерінің міндеттері, жауап алудың түсінігі мен міндеттері.

THE CONCEPT AND GOALS OF VERBAL INVESTIGATIVE ACTIONS

Annotation: the article deals with the concept and goals of verbal investigative actions. Based on the analysis of the current criminal procedure law and legal literature, the author of the article made conclusions regarding the definition and goals of conducting verbal investigative actions, which will positively affect the results of investigative actions.

The purpose of this article is to study different points of view on the concepts and goals of verbal investigative actions. As the analysis of forensic and criminal procedural literature shows, today there is no consensus regarding the concept and purpose of verbal investigative actions, which indicates the complexity of the problem under consideration and the need to conduct an appropriate study.

Key words: verbal investigative actions, tasks of verbal investigative actions, concept and tasks of interrogation.

Рассмотрение уголовного дела в суде, по общему правилу, невозможно без установления всех обстоятельств, подлежащих доказыванию, на стадии предварительного расследования. В силу особенностей организации судебной власти и характера решаемых ею задач суд не может активно и целенаправленно заниматься собиранием доказательств, изобличением лиц, совершивших преступление. Необходимые предпосылки для осуществления судом правосудия должны быть подготовлены в процессе предварительного расследования.

Основу предварительного следствия составляет уголовно – процессуальное доказывание. Основным способом собирания, проверки и оценки доказательств является производство следственных действий.

Дефиниция «следственные действия» постоянно употребляется в действующем уголовно-процессуальном законодательстве. Однако в отличие от других дефиниций, законодатель не дает ему разъяснения. В юридической литературе следственные действия трактуются по-разному: как средство доказывания; как способ установления истины; как все процессуальные акты следователя. Таким образом, смысл этих определений весьма различен.

Например, Н.П.Жогин считает, что рассматриваемое нами понятие представляют собой приспособленные к получению и передаче определенного вида информации комплексы познавательных и удостоверительных приемов, операций по соблюдению и проверке доказательств, предусмотренных законом в виде правил и осуществляемых непосредственно следователем (судом) [1, с.21].

Действия, направленные на собирание и проверку доказательств (допрос свидетеля, потерпевшего, подозреваемого, обвиняемого, эксперта, очная ставка, обыск, выемка, осмотр, освидетельствование, предъявление для опознания, производство экспертизы, следственный эксперимент, проверка показаний на месте...), принято именовать следственными действиями.

В юридической литературе под следственными действиями нередко понимаются любые действия следователя, регламентированные законом. Но наибольшее распространение имеет позиция, в соответствии с которой следственными именуют регламентированные законом действия, направленные на собирание и проверку доказательств. Все авторы вышеприведенных извлечений из учебной литературы придерживаются именно такого понимания следственных действий, но не все руководствуются ими в определении круга процессуальных действий, относящихся к следственным.

Характерно в этом отношении освещение затронутого вопроса А.К. Гавриловым и С.П. Ефимичевым. Они воспользовались определением следственных действий, данным С.А. Шейфером, понимающим под ними "предусмотренную уголовно-процессуальным законом совокупность операций и приемов, которые осуществляются при расследовании преступлений для обнаружения, фиксации и проверки фактических данных, имеющих значение доказательств по уголовному делу [2,с.23].

Но вместе с тем А.К. Гаврилов и С.П. Ефимичев к числу следственных действий отнесли эксгумацию трупа, наложение ареста на имущество, против чего возражает С.А. Шейфер, справедливо считая, что эти два вида процессуальных действий не обеспечивают сами по себе получение доказательственной информации [3,с.5].

Еще более очевидна несогласованность определения круга следственных действий с их понятием как действий, направленных на собирание и закрепление доказательств, в учебнике под редакцией М.И. Бажанова и Ю.М. Грошевого. Привлечение в качестве обвиняемого, избрание меры пресечения, признание потерпевшим, гражданским истцом, гражданским ответчиком, наложение ареста на имущество - это следственные действия в широком смысле, преследующие, другие цели, а не собирание и проверку доказательств.

Несомненно, что определение следственных действий в "узком" значении является более правильным. Эта позиция опирается на указания закона (ст.ст.64, 115, 122, 126 и др. УПК Республики Казахстан). Использование понятия "следственные действия" как любые действия следователя, хотя и оправданно с этимологической позиции, но не может быть поддержано с правовой, поскольку влечет к утрате его значения в качестве самостоятельной уголовно-процессуальной категории.

Вместе с тем определение следственных действий как уголовно процессуальных действий, направленных на собирание и проверку доказательств (некоторые авторы включают сюда и закрепление, фиксации доказательств, что не меняет сущности понятия), представляется не совсем точным. Верно, что назначение большинства следственных действий состоит в собирании и проверке доказательств.

К ним относятся: допрос, очная ставка, осмотр, предъявление для опознания, следственный эксперимент, назначение и производство экспертизы, проверка показаний на месте.

Основной проблемой отечественного уголовного судопроизводства является отсутствие дефиниции «допрос». Это существенно осложняет следственную деятельность. В теории уголовно-процессуального права и криминалистики данный вопрос также не получил однозначной оценки.

В толковом словаре С.И.Ожегова, «допрос – опрос обвиняемого, свидетеля для выяснения чего-нибудь (обстоятельства дела, преступления) [4, с. 171]. Аналогичной точки зрения придерживается и другой не менее известный толкователь русского языка Владимир Даль, который сформулировал определение допроса как – «отобранье судебным порядкомъ чьего показанья» [5, с. 471].

Таким образом, в толковых словарях, понятие допроса отождествляется с понятием опрос.

Не менее интересное определение допроса было сформулировано в XIX веке известным русским юристом, сенатором и профессором Санкт-Петербургского университета И.Я. Фойницким. По его мнению допрос означает

«право требовать от данного лица представления показаний или разъяснений по интересующему суд обстоятельству, создавая обязанность давать их согласно с истиной» [3, с. 319].

В судебной психологии допрос понимается как регулируемое уголовно-процессуальным законом взаимодействие следователя с допрашиваемым, в процессе которого следователь получает необходимую информацию, имеющую значение для дела. Допрос рассматривается как процессуальный вид информационного взаимодействия, межличностного общения и обмена информацией двух главных действующих лиц – допрашивающего и допрашиваемого.

Анализ уголовно-процессуальной и криминалистической литературы позволил нам выделить несколько основных точек зрения относительно понятия «допрос».

По мнению первой группы ученых, допрос представляет собой следственное действие. Так, по мнению Н.Н.Смирновой, допрос представляет собой «...следственное действие, которое заключается в получении следователем показаний, которые подлежат установлению по конкретному уголовному делу» [6, с. 156]. У В.В.Кальницкого, допрос является следственным действием, состоящим в получении показаний подозреваемого, обвиняемого, свидетеля, потерпевшего, эксперта и специалиста [7, с. 39]. Н.А.Громов определяет допрос как одно из наиболее распространенных следственных действий, состоящее в обязанности явиться по вызову лица, производящего дознание, или следователя и дать правдивые показания: сообщить все известное ему по делу и ответить на поставленные вопросы [8, с. 215]. Аналогичной позиции придерживается Г.А.Зорин, полагая, что допрос представляет собой «следственное действие, предусмотренное и регламентированное УПК, состоящее в получении уполномоченным органом показаний от лиц, располагающих сведениями об обстоятельствах, имеющих значение для дела и подлежащих доказыванию» [9, с. 9]. По мнению Р.Х. Якупова: «допрос – это следственное действие, при производстве которого в установленном процессуальном порядке органы расследования и суд получают устные показания определенного лица об известных ему обстоятельствах, подлежащих установлению по делу и фиксируют сообщенные сведения в соответствующих протоколах» [10, с.261].

Вторая группа исследователей рассматривает допрос как следственное и судебное действие, принимая во внимание, что он производится как органами предварительного расследования, так и судом. Так, Р.С. Белкин рассматривает допрос как «процессуальное (следственное и судебное) действие, заключающееся в получении показаний (информации) о событии, ставшем предметом уголовного судопроизводства» [11, с. 36]. Аналогичной точки зрения придерживается и Н.И.Порубов, отмечая, что «допрос – это следственное и судебное действие, заключающееся в получении органом расследования или судом в соответствии с правилами, установленными процессуальным законом,

от допрашиваемого сведений об известных ему фактах, имеющих значение для правильного разрешения уголовного дела» [5, с. 17]. У Н.Г. Шурухнова допрос представляет собой «...следственное (судебное) действие, заключающееся в получении органом расследования (или судом) в соответствии с правилами, установленными законодательством, показаний от допрашиваемого об известных ему фактах, входящих в предмет доказывания по уголовному делу» [12, с. 273]. Присоединяется к вышеуказанным авторам также и отечественный исследователь. Например, К.Ж.Капсалямов считает, что допрос – это следственное и судебное действие, осуществляемое в целях получения и фиксации органом расследования или судом в установленной уголовно-процессуальным законом форме показаний от допрашиваемого об известных ему фактах, входящих в предмет доказывания по уголовному делу [13, с. 18].

Третья группа авторов придерживается диаметрально-противоположной точки зрения и рассматривает допрос, как процессуальное действие, хотя понятия «следственное действие» и «процессуальное действие» имеют существенные различия. Например, А.А. Эксархопуло трактует допрос как «процессуальное действие, состоящее в получении следователем показаний обвиняемых, подозреваемых, свидетелей, потерпевших об известных им обстоятельствах события, имеющих значение для быстрого, полного, всестороннего и объективного раскрытия и расследования преступления» [14, с.219]. Аналогичного мнения придерживается Б.Т.Безлепкин, который рассматривает допрос, как процессуальное действие, проводимое лицом, в производстве которого находится уголовное дело, и свидетелем, потерпевшим, подозреваемым и обвиняемым, который ведется в целях получения фактических данных (устных сведений), имеющих доказательственное значение» [15, с.226]. К вышеуказанным авторам присоединяется С.А.Шейфер, понимая под допросом процессуальное действие, направленное на получение в соответствии с установленной законом процедурой от допрашиваемого лица сведений о существенных обстоятельствах дела путем постановки перед ним задачи на воспроизведение и передачу информации в устной форме [16, с. 86].

Остальная часть определений носит разрозненный характер. Например, в теории науки криминалистики и уголовно-процессуального права есть определения, в которых под допросом понимается способ собирания доказательственной и ориентирующей информации (В.А.Образцов); процесс получения показаний от лица, обладающего сведениями, имеющими значение для расследования дела (Е.Р.Россинская); общение следователя с допрашиваемым (В.Г.Лукашевич); комплекс предусмотренных уголовно-процессуальным законом познавательных и удостоверительных операций (А.В.Гриненко).

Множество определений понятия «допрос» свидетельствует о том, что рассматриваемое нами следственное действие является сложным и трудоемким. Этим и обусловлена выработка целого ряда диаметрально-противоположным определений.

Поскольку все следственные действия, так или иначе, носят процессуальный характер, нет необходимости в понятии допроса указывать его процессуальный характер. Кроме того, в целях унификации рассматриваемой дефиниции целесообразно указать в ней, цели, правовую природу следственного действия, а также его сущность.

В этой связи допрос может быть определен, как следственное действие, регламентированное уголовно-процессуальным законом и представляющее собой процесс восприятия, получения и фиксации органами правосудия и уголовного преследования от допрашиваемого лица достоверных показаний об известных ему обстоятельствах, имеющих значение для правильного разрешения уголовного дела.

Большое практическое и теоретическое значение имеет определение цели проведения рассматриваемого следственного действия. Этот вопрос также не получил однозначной оценки в криминалистической и уголовно-процессуальной литературе.

По мнению А.С. Кобликова, цель допроса – «получить от допрашиваемого правдивые показания в соответствии с обстоятельствами, имевшими место в действительности» [17, с.179]. С точки зрения Р.С. Белкина, цель допроса заключается в получении «полных и объективно отражающих действительность показаний» [18, с. 36].

По мнению В.А. Линовского, цель допроса состоит в том, чтобы получить от обвиняемого объяснение, необходимое для устранения всякой односторонности относительно обвиняющих и навлекающих на него подозрение обстоятельств и причин, чтобы с одной стороны, иметь возможность уличить его в преступлении, а с другой – дать ему возможность представить все, что может служить к оправданию его [19, с. 36].

Анализ показывает, что цель допроса в научной литературе рассматривается как установление истины, правды. С.И. Ожегов определяет истину и правду как тождественные понятия, и поясняет, что они означают – то, что соответствует действительности, отражает действительность [20, с. 251, 566]. И.Т. Фролов трактует истину как адекватное отражение действительности субъектом, воспроизведение ее такой, какова она есть вне и независимо от сознания [21, с. 169].

Целью уголовно-процессуального доказывания является достижение истины, установление обстоятельств дела в точном соответствии с действительностью. В философии истинным считается такое знание, высказывание, которое верно отражает действительность, соответствует ей. Содержание истины объективно, оно не зависит от воли и желания познающего субъекта. Поэтому истину часто называют объективной истиной.

Учение об истине является в философии одним из древнейших. Оно разрабатывается со времен Аристотеля и других античных ученых и в настоящее время насчитывает обширнейшую литературу. Приведенная выше трактовка истины как соответствия знания объективной действительности называется

классической и является самой древней и относительно простой. В советский период она считалась единственно правильной и совпадала с «марксистско-ленинской» интерпретацией истины.

Как соотносится истина, как цель доказывания, с задачами уголовного судопроизводства в целом? Иными словами, является установление истины одной из конечных целей уголовного процесса или образует только промежуточную задачу? При всей важности этой задачи ее нельзя признать конечной целью производства по делу. Судопроизводство не может завершиться только констатацией истины. Как уже говорилось, по каждому делу должно быть принято какое-то решение. Установление истины является лишь предпосылкой такого решения, необходимым условием его правильности. Поэтому познание истины по уголовному делу — не самоцель, а лишь средство достижения других, более широких целей (общих задач уголовного судопроизводства).

Таким образом, установление истины в ходе производства допроса, цель — весьма узкая.

Исходя из общих задач уголовного процесса, предусмотренных ст. 8 УПК Республики Казахстан, а также целей проведения следственных действий, целью допроса является получение и фиксация полных и объективных показаний об обстоятельствах, подлежащих доказыванию по делу.

Список использованной литературы:

1. Жогин Н.П. Допрос на предварительном следствии. — М., 2001. — 198 с.
2. Шейфер С.А. Сущность и способы собирания доказательств в советском уголовном процессе М, 1972. — 155 с.
3. Шейфер С.А. Следственные действия. Система и процессуальная форма М. 1981. — 311 с.
4. Ожегов С.И. Словарь русского языка. Изд. восьмое, стереотип. — М.: изд-во «Советская энциклопедия», 1970. — 900 с.
- 6 Владимир Даль Толковый Словарь живого Великорусского языка. В 3Т. Т.2. — М.: Гос. изд-во иностран. и национ. словарей., 1956. — 768 с.
- 7 Смирнова Н.Н. Уголовный процесс. Учебник. — Санкт-петербург: из-во «Михайлова В.А.», 2000. — 384 с.
- 8 Кальницкий В.В. Следственные действия. Учеб. пос. изд. втор., перераб. и допол. — Омск: Омская Академия МВД России, 2003. — 72 с.
- 9 Громов Н.А. Уголовный процесс России. Учебник. — М.; Юрист, 1998. — 552с.
- 10 Зорин Г.А. Руководство по тактике допроса. Учеб.-прак. пос. — М.: ООО издательство «Юрлитинформ», 2001. — 320 с.
- 11 Якупов Р.Х. Уголовный процесс. Учебник для вузов. Под ред. Галузо В.Н. — М.: из-во «Зерцало», 1999. — 464 с.

-
- 12 Белкин Р.С. Общая теория советской криминалистики. – Саратов, Изд-во Саратовского ун-та, 1986. – 395 с.
- 13 Шурухнов Н.Г. Криминалистика. Учеб. пос. – М.: «Юристъ», 2005. – 639 с.
- 14 Капсалямов К.Ж. Уголовное преследование и способы собирания доказательств. Учеб. пос. – Астана: «Фолиант», 2001. – 112 с.
- 15 Эксархопуло А.А. Криминалистика. В схемах и иллюстр. Учеб. пос. – Санкт-Петербург: Юридический Центр Пресс, 2002. – 450 с.
- 16 Безлепкии Б.Т. Уголовный процесс России: учеб. пос. Изд. трет., перераб. и доп. – М.: КНОРУС, 2006. – 496 с.
- 17 Шейфер С.А. Следственные действия. Основания, процессуальный порядок и доказательственное значение. – Самара: из-во «Самарский университет», 2004. – 191 с.
- 18 Адольф Ф.П., Бедер У., Дишлер А. и др. Криминалистический словарь: Пер с нем. – М.: Юридическая литература, 1993. – 192 с.
5. ¹⁸Курс криминалистики. Общая часть / Отв.ред. В.Е.Корноухов. – М.: Юристъ, 2000. – 784с.
- 19 Линовский В.А. К вопросу о совершенствовании языка криминалистики / Проблемы криминалистической науки, следственной и экспертной практики: Межвуз. сб. науч. тр. – Омск: Академия МВД России, 2002. – Вып.1. – 201 с.
- 20 Ожегов С.И. Словарь русского языка. Изд. восьмое, стереотип. – М.: изд-во «Советская энциклопедия», 2002. – 900 с.
- 21 Фролов И.Т. Общий метод расследования преступлений. Учебное пособие. – М.: Союз, 1988. – 339 с.

УДК 338.486.4

Вали Ш.Ә.

*Д.А. Қонаев атындағы Евразиялық заң академиясының магистранты
Алматы қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: Valish@mail.ru*

ШАРУА (ФЕРМЕР) ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ ЖЕР УЧАСКЕСІ МЕН ӨЗГЕ ДЕ МҮЛІКТЕРІНІҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ҚҰРАМЫ

Түйіндеме: Бұл ғылыми мақалада жәй серіктестік нысанындағы фермерлік қожалықтың ісін жүргізу үшін азаматтық айналымға оның қатысушыларының атынан сенімхат негізінде сенім білдірілген тұлға түссе, ал шаруа қожалығының басшысы оның мүшелерінің атынан азаматтық құқықтық мәмілелерді сенімхатсыз жүзеге асырып, мүдделерін білдіреді.

Өзіндік кәсіпкерлік нысанындағы фермерлік қожалық бір азаматпен оның меншік құқығына тиесілі мүлкінің негізінде, сондай-ақ пайдалану мен билік

етуге мүмкіндік беретін басқа да құқықтармен тиесілі мүліктердің негізінде дербес жүзеге асырылады.

Өзіндік кәсіпкерлік нысанындағы фермерлік қожалық басшысы азаматтық айналымға өз атынан түседі. Некеде тұрған фермердің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы үшін жұбайының келісімі қажет емес. Өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асырушы фермер жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін ерлі-зайыптылардың ортақ меншігін, егер заң актілері мен неке контрактісінде немесе олардың арасындағы өзге де келісімдермен өзгеше белгіленбесе жұбайының келісімісіз пайдалана алады.

Өзіндік кәсіпкерлік нысанындағы фермерлік қожалықтың өзге фермерлік қожалықтардан ерекшелігі фермер кәсіпкерлік істің жалғыз меншік иесі ретінде кәсіпкерлік қызметтен түскен пайданы ешкіммен шарттық қатынаста болмағандықтан өзі иелене алады. Сондай-ақ, өзіне тиесілі мүлікке өз бетінше билік етіп, меншік иесі ретінде мүлікті пайдалану арқылы пайда таба алады. Тағы бір ерекшелігі жеке ісін азғана қаражатпен бастау мүмкіндігі және заңды тұлғаларға салынатын салықтардан босатылуы.

Түйін сөздер: фермер қожалығы, шаруа қожалығы, кәсіпкерлік қызмет жай серіктестік, ортақ қожалық, тұлғалардың дара кәсіпкерлігі, ортақ бірлескен меншік.

ПОНЯТИЕ И СОСТАВ ЗЕМЛИ И ИНОГО ИМУЩЕСТВА КРЕСТЬЯНСКОГО (ФЕРМЕРСКОГО) ХОЗЯЙСТВА

Аннотация: В данной научной статье для ведения фермерского хозяйства в форме простого товарищества в гражданский оборот от имени его участников на основании доверенности вступает доверительный управляющий, а гражданско-правовые сделки совершает глава фермерского хозяйства. от имени своих членов без доверенности.

Фермерское хозяйство в форме самозанятости осуществляется самостоятельно одним гражданином на основе принадлежащего ему имущества, а также на основании имущества, принадлежащего на иных правах, позволяющих пользоваться и распоряжаться им.

Глава фермерского хозяйства в форме собственного дела вступает в гражданский оборот от своего имени. Для занятия предпринимательской деятельностью женатого фермера согласие супруга не требуется. Фермер, занимающийся самозанятостью, может использовать совместное имущество супругов для осуществления частного предпринимательства без согласия супруга, если иное не предусмотрено законом, брачным договором или иным соглашением между ними.

Отличие самозанятого фермерского хозяйства от других фермерских хозяйств состоит в том, что фермер, как единственный владелец бизнеса, может владеть прибылью от предпринимательской деятельности, так как ни с кем не состоит в договорных отношениях. Он также может распоряжаться своим

имуществом и получать прибыль, используя его как собственник. Еще одной особенностью является возможность начать бизнес с небольшой суммы денег и освобождение от налогов для юридических лиц.

Ключевые слова: фермерское хозяйство, крестьянское хозяйство, предпринимательская деятельность, простое товарищество, совместное хозяйство, трудовое объединение лиц, общая совместная собственность

THE CONCEPT AND COMPOSITION OF LAND AND OTHER PROPERTY OF THE PEASANT (FARMER) FARM

Annotation: In this scientific article, in order to run a farm in the form of a simple partnership, a trustee enters into civil turnover on behalf of its participants on the basis of a power of attorney, and the head of the farm carries out civil law transactions on behalf of its members without a power of attorney.

Farming in the form of self-employment is carried out independently by one citizen on the basis of property owned by him, as well as on the basis of property owned by other rights that allow to use and dispose of it.

The head of a farm in the form of his own business enters the civil turnover on his own behalf. The consent of the spouse is not required for a married farmer to carry out entrepreneurial activity. A farmer engaged in self-employment may use the joint property of the spouses for the implementation of private entrepreneurship without the consent of his spouse, unless otherwise provided by law and the marriage contract or other agreement between them.

The difference between a self-employed farm and other farms is that the farmer, as the sole owner of the business, can own the profits from entrepreneurial activity, as he does not have a contractual relationship with anyone. He can also dispose of his property and make a profit by using it as an owner. Another feature is the ability to start a business with a small amount of money and exemption from taxes on legal entities.

Key words: farm economy, peasant economy, entrepreneurial activity, simple partnership, joint economy, labor union of persons, common joint ownership.

Экономиканың ауылшаруашылық секторын дамыту Қазақстан экономикасының басым бағыттарының бірі болғандықтан ауылшаруашылығында кәсіпкерлік қызметті шаруа (фермер) қожалығы негізінде жүзеге асыру мәселесі өте өзекті болып отыр.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары шаруа (фермер) қожалығының құқықтық жағдайын анықтап, қызметін реттейтін бірқатар заңдар қабылданды. Солардың негізгісі 1990 жылдың 21 мамырында қабылданған Қазақ ССР-нің "Шаруа қожалығы туралы" заңы болды. Бұл заң бойынша шаруа қожалығы ауылшаруашылығын бірлесіп жүргізуші тұлғалардың отбасылық-еңбек бірлестігі болып табылады. 1998 жылдың 31-ші наурызында қабылданған

Қазақстан Республикасының "Шаруа (фермер) қожалығы туралы" заңында шаруа (фермер) қожалығының төмендегідей нысандары көрсетілген:

- кәсіпкерлік қызметі бірлескен ортақ меншік базасына негізделген отбасылық кәсіпкерлік нысанында жүзеге асырылатын шаруа қожалығы;
- өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыруға негізделген фермер қожалығы;
- бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт негізінде, жалпы үлестік меншік базасында жәй серіктестік нысанында ұйымдастырылған фермер қожалығы.

Ал 2015 жылдың 29-шы қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес дара кәсіпкерлік түрлері өзіндік және бірлескен кәсіпкерлік болып екіге бөлініп, шаруа (фермер) қожалығы бірлескен кәсіпкерліктің нысаны ретінде танылған [1].

Бұл жерден байқайтынымыз, шаруа (фермер) қожалығына тек қана кәсіпкерлік қызметі бірлескен ортақ меншік базасына негізделген отбасылық кәсіпкерлікті ғана емес, сонымен қатар өзіндік кәсіпкерлік сипатындағы фермерлік қожалық пен бірнеше жеке кәсіпкерлердің бірлескен қызмет туралы шарт жасасу арқылы ұйымдасқан жәй серіктестік нысанындағы фермер қожалығы да жатқызылған, яғни отбасылық-еңбек бірлестігі сипатындағы шаруа қожалығының бір түрі, фермерлік қожалықтың екі түрі көрсетілген. Алайда, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 41-ші бабында «тұлғалардың дара кәсіпкерлікті жүзеге асыруы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін пайдалануға, сондай-ақ осы өнімді қайта өңдеумен және өткізумен тығыз байланысты еңбек бірлестігі шаруа немесе фермер қожалығы деп танылады - делінген. Берілген анықтамада шаруа қожалығының ғана ұғымы ашылып, фермерлік қожалықтың белгілері қарастырылмаған. Себебі, шаруашылық жүргізудің отбасылық-еңбек бірлестігі сипаты фермерлік қожалыққа емес, тек шаруа қожалығына тән белгі. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде 41-ші бабының 3-ші тармағында көрсетілген бір ғана азаматпен жүзеге асырылатын фермерлік қожалық азаматтар тобының бірлескен кәсіпкерлігіне жатпайды. Ол бірлескен қызмет туралы шарт негізінде ортақ үлестік меншік базасында жай серіктестік нысанында ұйымдастырылған фермер қожалығы болып табылады.

Егер азаматтар кәсіпкерлікті ауыл шаруашылығында ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді пайдалану арқылы отбасылық-еңбек негізінде жүзеге асырса, ол шаруа қожалығы деп аталады. Себебі, шаруа қожалығы ауыл шаруашылығында өнім өндіруші отбасылық кәсіпкерлік болып табылады және оны фермерлік қожалықтардан ерекшелендіріп тұрған да осы отбасылық белгісі.

Бұл орайда біз Г.А. Волковтың, "тек отбасылық-еңбек белгісі ғана шаруа қожалығын ауылшаруашылық өндірістік кооперативтер мен ауылшаруашылығындағы басқа да кәсіпкерлік қызмет нысандарынан ерекшелендіреді" [2, Б.12] - деген пікірімен қосыламыз.

Қазақстан Республикасының заңдары да шаруа қожалығын отбасылық-еңбек бірлестігі деп тани келе, ондағы өндірістің шаруа қожалығы мүшелерінің жеке

еңбектеріне негізделгенін бекітеді. Бірақ, кей жағдайларда жалдамалы еңбек күшін пайдалану мүмкіндігіне де жол берілген.

Отбасы шаруа қожалығының өзегі болып табылады Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 41-ші бабының 2-ші тармағында шаруа немесе фермер қожалығы кәсіпкерлік қызмет ортақ бірлескен меншік базасына негізделген отбасылық кәсіпкерлік нысанында жүзеге асырылатын шаруа қожалығы болуы мүмкін деп көрсетілген. Бұл заң бойынша шаруа қожалығының құрамына шаруашылықта еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін азаматтар мен еңбек шарты жасасқан туыстары кірмейді.

Н.Н. Ведениннің пікірінше туыстық қатынасы жоқ азаматтар тобын шаруа қожалығы ұғымына енгізбеу керек. Шаруа қожалығына мұндай адамдардың енгізілуі тиісті жеңілдіктер мен басымдықтарға ие болу мақсатында ғана құрылатын жалған шаруа қожалықтарының пайда болуына ықпал етеді. Туыстық қатынасы жоқ азаматтар тобы шаруашылық жүргізудің басқа нысандарын – шағын ауылшаруашылық кәсіпорындарын, өндірістік кооперативтер [3, Б.63] мен бірлескен қызмет туралы шарт негізінде пайда болатын жәй серіктестік нысанындағы фермерлік қожалықтар құра алады.

Шаруа қожалығының отбасылық сипатына байланысты

В.В. Устюкова да ұтымды ойлар айтады. Оның пікірінше шаруа қожалығына отбасылық білгі тән. Одан ауытқу және туыстық қатынасы жоқ тұлғалар тобын шаруа қожалығы ретінде тіркеу мүмкіндігі Заңның 1-ші бабын жоққа шығарады [4, Б.63].

Бұл пікірмен Ю.Г. Басиннің де көзқарасы сәйкес келеді. Онда, шаруа қожалығының отбасылық белгісі оның мүшелерінің арасындағы тығыз байланыспен, отбасының қамы мен басқа да мүдделерінің бөлінбейтіндігімен және бір-біріне сену сипатымен түсіндірілетіндігі айтылған [5, Б.225]. Сондықтан да шаруа қожалығының мүшелерін анықтаушы белгі - онда туыстық қатынастың болуы.

Туыстық қатынасы жоқ тұлғалардың шаруа қожалығының құрамына кіруіне тыйым салынады. Мұндай тұлғалар шаруа қожалығында еңбек шарты бойынша жұмыс істей алады, сондай-ақ, шаруа қожалығы мүшелерінің келісімі арқылы, өз мүлкімен шаруа қожалығының қызметіне қатысып, еңбек ақысынан бөлек, қосқан мүлкінің көлеміне сай белгіленген мөлшерде шаруа қожалығының қызметінен кіріс алып отыруға мүмкіндік алады.

Адам құқықтары, бостандықтары, міндеттері тұжырымдамасын, олардың түрлерін, жіктелуін жете зерттеген ғалымдардың қатары өте көп. Жалпы, түрлеріне тоқталатын болсақ, адам құқықтары біріншіден, жалпыға бірдей - әмбебап болып табылады, яғни кез-келген адам құқықтың иесі [8] бола алады. Екіншіден құқықтар шартсыз болады – бұл дегеніміз әркімнің құқықтары бар және оларды адамнан алып қою, тартып алу мүмкін еместігін білдіреді. Үшіншіден, адам құқықтары эгалитарлық болып табылады – бұл әр адамның құқығы бірдей әрі тең екендігіне тағы да көзімізді жеткізеді. Төртіншіден, адам құқықтары жеке-дара (индивидуалды) болып саналады – яғни адам құқықтары әр адамға, әр индивидке тиесілі және жеке тұлға үшін қоғамның маңызды ролін тани отырып, оларды қоғамда орын алуы мүмкін түрлі бұзушылықтардан қорғайды. Бесіншіден, адам құқықтарын іргелі не фундаменталды деп атауға тұрарлық – яғни адам құқықтары адам болмысының іргелі және маңызды элементтерін қорғайды және алтыншыдан, адам құқықтары бөлінбейтін әрі ажырамас болып табылады – барлық адам құқықтары қорғалып, құрметтелуі тиіс, олар бірін-бірі өзара толықтырады және олар талаптарды тиісті оң және теріс жауапкершіліктермен заңдастырады.

Адам құқығы мәселелерінің маңыздылығын түсіну қажет. Өркениетті құқықтық мемлекет құрудағы басты құрал бұл адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады. Осы үшін кез келген мемлекет жылдар бойы көптеген қиыншылықтарды бастан кешірді, бұл дегеніміз адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары, жеке басының қадір-қасиеті, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу - бұл мызғымас құндылық, сондықтан мемлекеттің

басты міндеті - адам құқықтарын құрметтеу. Бұл ретте, неміс философы Гегельдің: «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін өмір сүреді» деген сөзін келтірген орынды болып табылады. [2, 3 б.]

Адам мен азаматтың мәртебесін құқықтық реттеудің маңызды элементі болып жеке тұлғаның мәртебесі тұжырымдамасын бекіту, тұлғаның қоғамда және мемлекетте алатын орнын анықтау болып табылады. Адамның қоғам және мемлекет тіршілігінде алатын орны, оларға тиесілі құқықтары мен бостандықтары туралы түрлі адамзатпен қалыптастырылған дүниетанымдық тұжырымдамалар әзірленген болатын. Ол тұжырымдамалар зайырлы және діни, жеке және ұжымдық, құқықтық рәсімі бар және әдет ғұрып түрінде және т.б. Қазіргі заманғы конституцияларда жеке тұлғаның мәртебесін бекітетін үш тұжырымдамалар бар, олар: либералды (батыстық), мұсылмандық, маркстік-лениндік (социалистік). Әлем елдерінің конституцияларында тұлғаның мәртебесінің тұжырымдамалары адамның жеке, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарын қамтиды. Біздің ойымызша, бірінші орында жеке тұлға ретінде адам, оның өмірі, қол сұғылмаушылығы, бостандығы болуы керек, екінші орында оның қоғамдық өмірде және мемлекет ісіне араласуға мүмкіндігі болуы керек, үшіншіден экономикалық үдерістердің қатысушысы болуына құқық беру керек.

Тұлғаның құқықтық мәртебесі қоғам дамуының деңгейін көрсетеді және оның болмысының әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани шарттарымен негізделеді. Мемлекет тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын бекітеді, сондай ақ қамтамасыз етуге қабілетті болатындай оны мазмұнмен толықтырады. Сондықтан да, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейі жоғары болған сайын саяси жүйенің демократиялық институттары дамыған. Қоғамның рухани өмірі бай, аталған қоғамның және мемлекеттің адамы мен азаматының құқықтық мәртебесі кең және мазмұнды бола бастайды. Осы бағытта заң шығарушы үшін бір белгі ол табиғи құқықтың қағидалары мен нормалары болып табылады. [9]

Адам құқығы - қоғам берген барлық игіліктерді пайдаланудың шынайы мүмкіндіктерінен тұратын субъективтік құқықтар. Олар тұлғаның түрлі қоғам салаларында бостандығының дәрежесін көрсетеді. Шынайы құқықтар мен бостандықтар қоғамның дамуының кешенді бағасының негізгі көрсеткіші болып табылады.

Құқықтық мәртебеге тек Конституция бекіткен негізгі құқықтар мен бостандықтар ғана жатпайды, оған сонымен қатар, мемлекеттің заңнамасынан, сонымен қатар халықаралық-құқықтық актілерден шығатын құқықтар мен бостандықтардың барлық кешені кіреді. [10]

Адам құқықтары бойынша күннен күнге дамып келе жатқан халықаралық актілердің маңызы зор болып табылады, олар қазіргі әлемде тұлғаның құқықтық мәртебесін кеңейтуге бағытталған болып отыр. Елде халықаралық актілердің бекітілуі мемлекеттегі заңнаманы осы актінің нормаларына сәйкестендіру қажеттігін тұғызады.

Адам тұлға және азамат ретінде кең қоғамдық қатынастың қатысушысы бола бастайды, түрлі әлеуметтік топтар мен қоғамға кіреді, азамат ретінде мемлекетпен міндетті байланыста болады. Тұлғаның өз құқықтары мен бостандықтарында түрлі көріністердің болуы құқықтық мәртебені топтастыруға негіз болып, мүмкіндіктер береді.

Бұл қағидат Адам құқықтарының жалпыға бірдей

Декларациясының 29 бабында тұжырымдалғандай: «Өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру кезінде әрбір адам басқалардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті мойындауды және құрметтеуді қамтамасыз ету және моральдың, қоғамдық тәртіптің, демократиялық қоғамдағы жалпы әл-ауқаттың әділ талаптарын қанағаттандыру мақсатында ғана заңмен белгіленген шектеулерге ғана ұшырауы тиіс» [11, 56.].

Құқықтық шектеулер адамның өз пікірлерін кедергісіз ұстану, бұл пікірлерді жазбаша, ауызша, баспасөзде немесе өз қалауы бойынша өзге де тәсілдермен білдіру құқығын көздейтін «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» Халықаралық пактінің 19 бабында мазмұндалған. 19-баптың 3-тармағында бұл құқықтарды пайдалану ерекше міндет пен жауапкершілік жүктейтіні айтылған. Ол заңмен белгіленген және қажетті болып табылатын кейбір шектеулермен ұштасуы мүмкін:

а) басқа адамдардың құқықтары мен беделін құрметтеу үшін;

б) мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығын немесе имандылығын сақтау үшін [4, 116.].

Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық

пактіде кемсітушілікке, дұшпандыққа немесе зорлық-зомбылыққа арандатушылық болып табылатын антигумандық, аморальдық ісәрекеттерге – соғысты насихаттауға, кез келген ұлттық, нәсілдік немесе діни өшпенділіктің пайдасына тыйым салу мүмкіндігі көзделген. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакті көрсетілген құқықтардың табиғатымен үйлесімді және демократиялық қоғамдағы жалпы әл-ауқатқа ықпал ету мақсатында ғана құқықтарды шектеуге жол береді.

Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияның 11 бабының екінші бөлігінде: «Тәртіпсіздік пен қылмыстардың алдын алу, адамдардың денсаулығы мен имандылығын қорғау немесе басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында демократиялық қоғамда мемлекеттің қауіпсіздігі мен қоғамдық тыныштық мүддесіне қажет заңмен көзделгендерден басқа аталған бұл құқықтарды жүзеге асыру ешқандай шектеулерге ұшырамайтындығы» баяндалған.

ҚР Конституциясының 39-бабында құқықтар мен бостандықтарды шектеу негіздері белгіленген: «Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін».

Адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу – кез келген мемлекет үшін өткір проблемалардың бірі. Қайсыбір құқық қорғаушылар «кез келген мемлекет, тіпті демократиялық мемлекеттердің өзі де адамның құқықтарын шектеп, қысым көрсетуге бейім тұрады, құқық қорғаушылардың ісі – осы проблемаға қарсы тұру» деп ойлайды [12].

Құқықтық шектеулер проблемасы қоғамдағы адамның бостандықтарының шегінен бастау алады. Әлеуметтік басқарудың барысында құқықтық шектеулер әртүрлі субъектілерге қолданылған. Адамзат қоғамында индивидтің немесе адамдар топтарының белсенділігі қоғамға залал келтіріп, ортақ мүдделерге қайшы келетін болса, оған шектеулер ежелден-ақ қойылып отырған. Алғашқы қауымдық құрылыс қоғамының әлеуметтік нормалары көбіне-көп табу нормасы, тыйым салу нормасы, шеңбер нормасы, шектеулер нормасы түрінде болған. Жүрістұрыс нормалары, әсіресе табудың нормалары биологиялық инстинкттерді тежеп отыру қажеттігінен туындаған.

Алғашқы қауымдық құрылыс ыдыраған дәуірде «қолданылып жүрген заңға тиісті қағида енгізіп, дәстүр-салттарда қалыптасқан шектеулерді заң жүзіндегі шектеулер етіп тіркеу қажеттігі пайда болды».

Құқық философиясында бостандық шектеулерсіз өмір сүре алмайды, өйткені «шын мәніндегі бостандық шекараларын сезіне біледі» деген пікір бар. Адамның құқықтарын рұқсаттар мен жүріс-тұрыстағы шексіз вольонтаризмнің жиынтығы ретінде пайымдауға болмайды. Бостандықтың бассыздықтан айырмасы осында. Осы орайда 1789 жылы қабылданған Адам және азамат құқықтарының француздық декларациясында былай деп жарияланды: «Бостандық басқаға залал келтірмейтін нәрселердің барлығын істеу мүмкіндігінен тұрады: осылайша, әр адамның табиғи құқықтарын жүзеге асыруы нақ осындай құқықтарды пайдаланатын қоғамның басқа да мүшелерін қамтамасыз ететін шектерде ғана шектеледі». Бір адамның бостандығының шекті шекарасы басқа біреудің бостандығы болып табылады. Бостандықтардың әрқайсысына міндеткерлік сәйкес келеді, ол, мысалы, басқа адамдардың құқығына қол сұқпаудың «жалпы мүддесін» сақтап отыру, әдет-салттарға құрметпен қарау, басқа азаматтардың мүдделерін қозғайтын қандай да бір ерікті, әсіресе күш қолдану әрекеттеріне жол бермеу түрінде болады.

Нақ сондықтан да қазіргі кезеңде құқықтар мен бостандықтарды түсіну оң және табиғи-құқықтық түсініктерді біріктіретін кешенді көзқарасқа келіп тіреледі. Өйткені адамның бостандығын, егер оған заңмен, оң тұрпатты құқықпен кепілдік берілмесе, іс жүзіне асыру мүмкін емес, ал оң тұрпатты құқықтың рухани негізі, моральдық-этикалық күші табиғи құқықта жатыр. Аталған екі көзқарас бірін бірі толықтырып тұрады және де ол мынадан көрінеді. Заңдарда (оң тұрпатты құқықта) идеялар, қағидаттар, әділдік, бостандық, теңдік, сондай-ақ адамгершілік талаптары туралы жалпы адами ұғымдар бекіндіріледі.

Сөйтіп, құқықтық бостандық дегеніміз – бұл адамның білгілі бір жүріс-тұрыс нұсқасының сырттай, объективтік қажеттігін сезінуі және соған сай әрекет ету мүмкіндігі [7].

Егер құқық жеке тұлғаны мемлекеттік өкіметтің озбырлығынан қорғау құралы болса, құқықтар мен бостандықтарды шектеу қоғамды, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын (мүдделерін) құқық пайдаланушының озбырлығынан қорғауға арналған. Мұндай шектеулердің пайда болуын көпшілік мүдделерді қамтамасыз ету мақсатында халық өз бостандығының бір бөлігін о бастан-ақ мемлекетке беруімен түсіндіруге болады. Бұдан шығатын қорытынды – құқық пен бостандықтың өздері секілді, құқықтарды шектеудің пайда болуы да табиғи іс.

Осыған орай адамзат қоғамында құқықтық шектеулердің қажеттігін жоққа шығаруға болмайды. Қазіргі кезеңде қоғам дамуының қалыпты үдерісі азаматтардың құқықтарын жүзеге асыру барысында оларға шектеулер қойып отыру қажеттігін мемлекеттен талап етеді. Мемлекеттің мұндай іс-әрекеттерін қоғамдағы бостандықтың өлшемін өркениетті жолмен реттеп отыру тәсілі деп білеміз.

Құқықтық шектеулер – құқықтық реттеудің қажетті құралы. Оның мақсаты құқықты иеленушінің өзі үшін де, сондай-ақ басқа адамдар, тұтастай алғанда қоғам үшін де теріс салдарға соқтыруы мүмкін ісәмалдарды тежеп отыру болып табылады. Құқықтық шектеулер қоғамдық қатынастарды реттеп отыру мақсатында белгіленеді және прескриптивтік (басқарушылық) сипатта болады. Сондықтан да құқықтық шектеулер объективті сипатта болады, олар түптеп келгенде қоғамның әлеуметтік- пайдалы мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жылы республикалық референдумда қабылданған (өзгерістерімен және толықтыруларымен 23 наурыз 2019 ж.). – Электрондық ресурс. Кіру режимі: https://online.zakon.kz/document/dos_id=1005029 (өтініш берген күні 01.04.2022 ж.).
2. Перевалов В.Д. Теория государства и права: учебник. – М.: Издательство Юрайт, Юрайт-Издат, 2010. – с. 375
3. Аристотель. Собрание сочинений в 4-х томах. – М., 1981–1984 гг. – 5с.
4. Pauline C. Westerman. The Disintegration of Natural Law Theory Aquinas to Finnis. - Brill's Studies in Intellectual History, Volume: 84. – 2014. P.90
5. Конституция Республики Казахстан. Принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.03.2017 г.). – Алматы, 2017. - 44 с.
6. United Nations. 1948. Universal Declaration of Human Rights. U.N. General Assembly Resolution 217A (III), A/810, 10 December.
7. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы.

Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған. <http://adilet.zan.kz>.

8. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті. НьюЙорк, 1966 ж. 16 желтоқсан. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы. <http://adilet.zan.kz>.

9. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакт. БҰҰ, 1967. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қарашадағы N 87 Заңы. <http://adilet.zan.kz>.

10. Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенция (Адам құқықтары бойынша Еуропалық Конвенция). Рим, 4 қараша 1950 ж. (21 қыркүйек 1970 жылғы, 20 желтоқсан 1971 жылғы, 1 қаңтар, 6 қараша 1990 жылғы, 11 мамыр 1994 жылғы енгізілген өзгерістерімен). <http://adilet.zan.kz>.

11. Рогов И. Пределы ограничения прав и свобод // Юридическая газета. – 2005. – 3 июня.

12. Ибраева А.С. Правовое государство и свободное гражданское общество как цель конституционного процесса в Казахстане (философско-правовое обоснование социальных процессов в суверенном Казахстане) // Вестник КазГУ. Серия юридическая. – 2001. – No 3. – С. 72-76.

УДК 341.9

Морозова Е.А.

старший преподаватель кафедры юриспруденции

Алматинский филиал Санкт-Петербургского Гуманитарного университета профсоюзов

БОРЬБА В СФЕРЕ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ ФИНАНСИРОВАНИЮ ТЕРРОРИЗМА, МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ

Аннотация: Актуальность настоящей статьи обусловлена тем, что такое явление, как международный терроризм, возникшее относительно недавно, несмотря на усилия мирового сообщества, по-прежнему остается одной из главных угроз международной безопасности. Это происходит, прежде всего, потому, что терроризм имеет серьезную финансовую поддержку, варианты которой трансформируются быстрее, чем контрмеры, принимаемые мировым сообществом. Поэтому целью данной статьи стало выявление существующих и потенциально возможных каналов финансирования международного

терроризма. Для достижения поставленной цели проведен анализ правовой базы противодействия международному терроризму, позволивший определить теоретическую и правовую основу исследования. Эмпирической базой статьи послужили отчеты международных организаций, в том числе «Группы двадцати», Международного центра по изучению радикализации и политического насилия и многих других. Проведенное исследование позволило установить главные механизмы финансирования терроризма в настоящее время: налоги с иностранных предприятий, не прекративших свою деятельность на оккупированных территориях; налоги с проживающих на оккупированной территории жителей; доходы от продажи природных ресурсов и произведенной продукции на оккупированной территории; доходы от продажи захваченных исторических ценностей; доходы, получаемые через неправительственные организации, а также посредством финансовых махинаций и др. Также в статье определены потенциально возможные механизмы финансирования терроризма, в частности, использование криптовалют. Исследование показало, что существуют две диаметрально противоположные точки зрения относительно возможности использования криптовалют для финансирования международного терроризма: западная и российская. Первая фактически отрицает возможность и целесообразность их использования, а вторая признает такую возможность. Мы пришли к выводу, что исследования российских специалистов в данной области заслуживают повышенного внимания со стороны международного сообщества.

Ключевые слова: финансирование терроризма; противодействие финансированию терроризма; национальная безопасность; международная безопасность; криптовалюты

ТЕРРОРИЗМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДАҒЫ КҮРЕС, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Аннотация: осы баптың өзектілігі әлемдік қоғамдастықтың күш-жігеріне қарамастан, салыстырмалы түрде жақында пайда болған халықаралық терроризм сияқты құбылыс халықаралық қауіпсіздіктің басты қатерлерінің бірі болып қалатындығына байланысты. Бұл, ең алдымен, терроризмнің елеулі қаржылық қолдауы болғандықтан, оның нұсқалары әлемдік қауымдастық қабылдаған қарсы шараларға қарағанда тезірек өзгереді. Сондықтан осы мақаланың мақсаты халықаралық терроризмді қаржыландырудың қолданыстағы және ықтимал арналарын анықтау болды. Қойылған мақсатқа жету үшін зерттеудің теориялық және құқықтық негізін анықтауға мүмкіндік беретін халықаралық терроризмге қарсы іс-қимылдың құқықтық базасына талдау жүргізілді. Мақаланың эмпирикалық негізі халықаралық ұйымдардың, соның ішінде "жиырмалық тобының", радикализация мен саяси зорлық-зомбылықты зерттеу жөніндегі халықаралық орталықтың және басқалардың есептері болды. Жүргізілген зерттеу қазіргі уақытта терроризмді қаржыландырудың негізгі тетіктерін анықтауға мүмкіндік берді: басып алынған аумақтарда өз қызметін тоқтатпаған

шетелдік кәсіпорындардан алынатын салықтар; басып алынған аумақта тұратын тұрғындардан алынатын салықтар; басып алынған аумақта табиғи ресурстар мен өндірілген өнімдерді сатудан түсетін кірістер; басып алынған тарихи құндылықтарды сатудан түсетін кірістер; үкіметтік емес ұйымдар арқылы, сондай-ақ қаржылық алаяқтық және т.б. арқылы алынатын кірістер. Зерттеу көрсеткендей, халықаралық терроризмді қаржыландыру үшін криптовалюталарды пайдалану мүмкіндігіне қатысты екі қарама-қарсы көзқарас бар: батыс және орыс. Біріншісі іс жүзінде оларды пайдалану мүмкіндігі мен орындылығын жоққа шығарады, ал екіншісі мұндай мүмкіндікті мойындайды. Біз ресейлік мамандардың осы саладағы зерттеулері халықаралық қоғамдастықтың назарын аударуға лайық деген қорытындыға келдік.

Түйінді сөздер: терроризмді қаржыландыру; терроризмді қаржыландыруға қарсы іс - қимыл; Ұлттық қауіпсіздік; халықаралық қауіпсіздік; криптовалюталар.

FIGHT IN THE FIELD OF COUNTERING THE FINANCING OF TERRORISM, INTERNATIONAL LEGAL REGULATION

Annotation: the relevance of this article is due to the fact that, despite the efforts of the world community, such a phenomenon as international terrorism, which has emerged relatively recently, remains one of the main threats to international security. Since this is primarily a serious financial support for terrorism, its options will change much faster than the countermeasures adopted by the world community. Therefore, the purpose of this article was to identify existing and possible channels for financing international terrorism. To achieve this goal, an analysis of the legal framework for countering international terrorism was carried out, which allowed us to determine the theoretical and legal basis of the study. The empirical basis of the article was the reports of international organizations, including the group of twenty, the International Center for the study of radicalization and political violence, and others. The study made it possible to identify the main mechanisms of financing terrorism at the moment: taxes levied on foreign enterprises that have not stopped their activities in the occupied territories; taxes levied on the population living in the occupied territory; income from the sale of Natural Resources and manufactured products in the occupied territory; income from the sale of captured historical values; income levied through non-governmental organizations, as well as through financial fraud, etc. The study shows that there are two opposite views on the possibility of using cryptocurrencies to finance international terrorism: Western and Russian. The first practically denies the possibility and expediency of using them, and the second recognizes such a possibility. We came to the conclusion that the research of Russian specialists in this area deserves the attention of the international community.

Keywords: financing of terrorism; countering the financing of terrorism; national security; international security; cryptocurrencies

Финансирование терроризма признается самостоятельным международным преступлением, пресечение которого, между тем, является одним из важнейших направлений и инструментов борьбы с международным и внутренним терроризмом. Особенности признаков данного преступления, связь терроризма с транснациональной организованной преступностью, незаконным оборотом наркотиков и отмыванием денег обусловили специфику международно-правовой основы в сфере противодействия финансированию терроризма, формирование которой происходило посредством сочетания мер уголовно-правового и финансово-превентивного характера. Поэтому субъектами противодействия финансированию терроризма являются не только отдельные государства, но и национальные и международные финансовые учреждения. В связи с этим основная задача международно-правовой основы в сфере противодействия финансированию терроризма состоит не только в том, чтобы регулировать вопросы международного сотрудничества государств и их компетентных органов, а в первую очередь обеспечить создание соответствующих национальных режимов в каждой стране.

Под преступлением финансирование терроризма признается предоставление любым лицом любыми методами, прямо или косвенно, незаконно или умышленно, средств или осуществление их сбора с намерением, чтобы они использовались, или при осознании того, что они будут использованы, полностью или частично, для осуществления террористической деятельности либо обеспечения террористической группы, террористической организации, оказание информационных и иного рода услуг либо оказание финансовых услуг физическому лицу либо группе лиц, либо юридическому лицу, совершенные лицом, заведомо осознававшим террористический характер.

Международное законодательство в рассматриваемой области на различных уровнях международного сотрудничества является унифицированным, в его основу положена Международная конвенция о борьбе с финансированием терроризма 1999 г.

Система финансирования терроризма включает три составляющих: источники финансирования, методы перемещения денежных средств или иного имущества и получателей денежных средств или иного имущества.

Впервые такое явление как финансирование терроризма в рамках международного права было упомянуто в 1994 году в Декларации ООН. Так Декларация о мерах по ликвидации международного терроризма (утверждена резолюцией 49/60 Генеральной Ассамблеи от 9 декабря 1994 года) закрепила обязанность «воздерживаться от организации террористической деятельности, подстрекательства к ней, содействия ее осуществлению, финансирования, поощрения или проявления терпимости к ней и принимать надлежащие практические меры к обеспечению того, чтобы их соответствующие территории не использовались для создания террористических баз или учебных лагерей или для подготовки или организации террористических актов, направленных против других государств или их граждан» [1]. В 1996 году Ассамблея (подпункт (f)

пункта 3 Резолюции 51/210 Генеральной Ассамблеи от 17 декабря 1996 года) призвала все государства «предпринять шаги, с тем чтобы воспрепятствовать и противодействовать посредством соответствующих внутренних мер финансированию террористов и террористических организаций, независимо от того, осуществляется такое финансирование прямо или косвенно через организации, которые также преследуют или утверждают, что преследуют, благотворительные, общественные или культурные цели, или также вовлечены в запрещенные виды деятельности, такие, как незаконные поставки оружия, незаконный оборот наркотиков и вымогательство, включая использование лиц в целях финансирования террористической деятельности» [2]. Резолюция 52/165 Генеральной Ассамблеи от 15 декабря 1997 года Ассамблея призвала государства рассмотреть, в частности, вопрос об осуществлении мер, изложенных в резолюции 51/210 от 17 декабря 1996 года.

Впервые нормативное определение «финансирование терроризма» было дано в Международной конвенции «О борьбе с финансированием терроризма», принятой в Нью-Йорке (1999).

Значение указанной Конвенции для формирования международно-правовой основы противодействия финансированию терроризма велико, поскольку в этом документе впервые данный вид террористической деятельности признан самостоятельным международным преступлением и сформулированы его общие признаки.

Так, в соответствии с п. 1 ст. 2 Международной конвенцией ООН о борьбе с финансированием терроризма «преступлением признается предоставление любым лицом любыми методами, прямо или косвенно, незаконно или умышленно, средств или осуществление их сбора с намерением, чтобы они использовались, или при осознании того, что они будут использованы, полностью или частично, для совершения:

а) какого-либо деяния, представляющего собой преступление согласно сфере применения одного из договоров, перечисленных в приложении, и содержащемуся в нем определению;

б) любого другого деяния, направленного на то, чтобы вызвать смерть какого-либо гражданского лица, не принимающего активного участия в военных действиях в ситуации вооруженного конфликта, или причинить ему тяжкое телесное повреждение, когда цель такого деяния в силу его характера или контекста заключается в том, чтобы запугать население или заставить правительство или межправительственную организацию совершить какое-либо действие или воздержаться от него» [3].

При этом преступлениями в сфере финансирования терроризма являются действия, согласно п. 5 ст. 2 настоящей Конвенции любое лицо также совершает преступление, если оно:

а) участвует в качестве соучастника в совершении какого-либо из преступлений, указанных выше;

б) организует других лиц или руководит ими с целью совершения какого-либо из преступлений, указанных выше;

с) способствует совершению одного или нескольких преступлений, указанных выше, группой лиц, действующих с общей целью.

Конвенция о борьбе с финансированием терроризма содержит 3 основные положения, касающиеся национальных норм о финансировании терроризма:

- финансирование терроризма должно признаваться преступлением во внутригосударственном законодательстве;

- государства, подписавшие настоящую Конвенцию, должны обеспечить судебный процесс;

- государства должны создать систему противодействия террористическим актам.

Самостоятельным направлением в рамках рассматриваемой Конвенции выступает деятельность в области установления источников финансирования терроризма. Так, в соответствии со ст. 8 Конвенции, государство участник должно не только определять, обнаруживать, блокировать либо арестовывать средства, предназначенные для совершения преступлений указанных в ст. 2 Конвенции, но и конфисковывать эти средства. Полагаем, что данное направление должно стать основным в области противодействия терроризму, так как непосредственно направлено на подрыв экономических основ террористических организаций, что с нашей точки зрения является наиболее действенным механизмом борьбы с террором, требующим серьезного финансирования.

Международные террористические организации имеют более широкий круг источников финансирования по сравнению с локальными.

Финансирование терроризма имеет несколько отличительных характеристик: взаимосвязь источников финансирования с доходами от различных видов преступной деятельности, характерных для транснациональной организованной преступности; взаимосвязь источников финансирования с поддержкой террористических организаций со стороны отдельных государств; международный характер осуществляемых финансовых операций; значительная доля наличных операций при осуществлении финансирования; использование в схемах финансирования благотворительных и иных некоммерческих организаций; использование неформальных систем, типа Хавала; осуществление финансовых операций через подставных лиц; сочетание использования для осуществления финансовых операций как кредитных организаций, расположенных в мусульманских странах, так и кредитных организаций, расположенных в мировых финансовых центрах.

Основными направлениями сотрудничества в борьбе с финансированием терроризма, закрепленными в международно-правовых актах, являются: признание финансирования терроризма в любых формах преступлением; закрепление в национальном законодательстве государств обязанностей финансовых учреждений и отдельных профессий по противодействию

финансированию терроризму, аналогичных обязанностям в сфере борьбы с отмыванием денег: идентификации клиентов, хранения документов, создания системы внутреннего контроля, сообщения о подозрительных операциях, подготовки персонала, приостановления операций; создание перечней лиц, групп и организаций, финансовые активы которых должны быть заморожены; замораживание государствами активов и счетов лиц, групп и организаций, включенных в перечни; сотрудничество в сфере оперативно-розыскной деятельности, в том числе информационный обмен между уполномоченными органами государств; оказание правовой помощи; выдача преступников.

Важную роль в борьбе с финансированием терроризма играют резолюции Совета Безопасности ООН, принимаемые на основе Главы VII Устава ООН и предусматривающие замораживание активов террористов и террористических организаций.

Вместе с тем, исполнение государствами соответствующих резолюций сталкивается с рядом проблем и требует совершенствования международно-правового регулирования.

Представляется целесообразным разработать на уровне ООН рекомендательное типовое положение о порядке реализации государствами санкций в отношении лиц и организаций, включенных в перечни СБ ООН.

Данное Типовое положение может включать следующие разделы: административный порядок замораживания в сжатые сроки любых активов лиц, включенных в соответствующие перечни СБ ООН; закрепить меры ответственности должностных лиц государственных органов и финансовых учреждений за непринятие или несвоевременное принятие мер по замораживанию активов; определить правовые основания и процедуру отнесения организаций к числу находящихся под контролем лиц или организаций, включенных в перечни Совета Безопасности ООН.

Соответствующие нормы необходимо включить в национальное законодательство государств.

Серьезные сложности в практике государств вызывает идентификация лиц, входящих в перечень, формируемый в соответствии с резолюциями Совета Безопасности ООН, в связи с отсутствием всех необходимых для идентификации персональных данных.

Необходимо предусмотреть обязанность государств, направляющих предложения о включении соответствующих лиц в перечень, представлять сведения, необходимые для их идентификации.

Принимаемые государствами в целях замораживания активов перечни физических лиц и организаций, причастных к террористической деятельности, как правило, состоят из двух частей. В первую часть лица и организации включаются во исполнение резолюций Совета Безопасности ООН. Во вторую часть — на основании решений национальных судов либо уполномоченных государственных органов. При этом включение лица в национальную часть перечня не имеет никакого юридического значения для других государств.

Данные лица могут спокойно совершать финансовые операции на территории иностранных государств, не имеющих правовых оснований для приостановления операций и замораживания активов.

Представляется необходимым разработать и утвердить резолюцией Генеральной Ассамблеи ООН типовой договор о взаимном признании национальных перечней лиц и организаций, причастных к террористической деятельности. Принятие соответствующей резолюции Генеральной Ассамблеи ООН могло бы оказать серьезное стимулирующее воздействие на государства, подтолкнуть их к заключению двусторонних договоров о взаимном признании национальных перечней.

Международное сотрудничество в борьбе с терроризмом, в том числе с его финансированием, остается пока недостаточно эффективным в силу того, что ряд государств не заинтересован в сотрудничестве и не участвует в международных договорах в данной сфере.

На наш взгляд финансовые операции с участием физических лиц и организаций - резидентов таких государств должны являться объектом повышенного внимания со стороны всех государств, заинтересованных в развитии международного сотрудничества в борьбе с финансированием терроризма и укреплении международной безопасности.

Предлагается разработать на уровне Совета Безопасности ООН либо ФАТФ международно-правовой механизм формирования перечня стран и территорий, не участвующих в международном сотрудничестве в борьбе с терроризмом.

Самостоятельного изучения заслуживает вопрос о разработке механизма воздействия на такие государства со стороны международного сообщества.

Анализ вышеприведенных международных документов позволяет сделать вывод, что международно-правовое регулирование в сфере противодействия финансированию терроризма формировалось посредством сочетания мер уголовно-правового и финансово-превентивного характера. Следовательно, субъектами противодействия финансированию терроризма являются не только отдельные государства и их компетентные органы, но и национальные и международные финансовые учреждения. В связи с этим основная задача международно-правовой основы в сфере противодействия финансированию терроризма состоит не только в том, чтобы регулировать вопросы международного сотрудничества, а в первую очередь обеспечить создание соответствующих национальных режимов в каждой стране, что напрямую прослеживается из содержания всех рассмотренных международно-правовых актов.

Но тем не менее неспособность соответствующих международных органов обеспечить внедрение во внутренние законодательства государств правовых положений по пресечению финансирования террористической деятельности приводит к тому, что указанное антитеррористическое финансовое законодательство принимается в различных странах по-разному, не одинаковыми темпами и на разных уровнях. В этой связи по-прежнему крайне

актуальным остается вопрос о сближении национальных законодательств государств в сфере противодействия финансированию терроризма.

Таким образом, установлено, что предупреждение финансирования терроризма должно быть построено на трехуровневой системе:

а) *меры общего предупреждения*, включающие в себя инструменты социального, экономического, политического и правового развития, учитывающие современные реалии внутренних и внешних угроз, а также историко-культурные традиции, направленные на формирование общенациональной идеи о неприемлемости борьбы за власть недемократическими, насильственными способами;

б) *меры специального предупреждения* должны быть направлены на непосредственное предотвращение фактов финансирования террористической деятельности путем создания условий по оперативному взаимодействию всего блока государственных органов, принимающих непосредственное участие в противодействии этому деянию, а также экономико-правовых барьеров, затрудняющих возможность такого финансирования. Учитывая особое значение мер специального предупреждения в области противодействия финансированию терроризма, в рамках которых уголовное законодательство занимает не последнее место, считаем необходимым дополнить статью, устанавливающую ответственность за исследуемое деяние следующимотягчающим признаком: «совершенные с использованием электронных или информационно-телекоммуникационных сетей, в том числе сети «Интернет»;

в) *меры индивидуального предупреждения* представляют собой работу с лицами, склонными к совершению финансирования терроризма, в целях предотвращения их криминальной самореализации путем мониторинга лиц, склонных к оказанию финансовой помощи террористам; повышения уровня нетерпимости к террористической деятельности и сопряженных с ней деяний; осуществления административного надзора за лицами, допускающими совершение правонарушений и преступлений в сфере обеспечения общественной безопасности; обязательной индивидуально-профилактической работы с лицами, находящимися в местах лишения свободы за совершение террористических деяний.

Список использованных источников

1. Декларация о мерах по ликвидации международного терроризма от 9 декабря 1994 года // [Электронный ресурс] // Режим доступа: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/terrdec1
2. Резолюция 51/210 Генеральной Ассамблеи ООН "Меры по ликвидации международного терроризма" (Вместе с "Декларацией, дополняющей Декларацию о мерах по ликвидации международного терроризма 1994 года") (Принята 17.12.1996 на 88-ом пленарном заседании 51-ой сессии Генеральной

Ассамблеи ООН) // [Электронный ресурс]// Режим доступа:

<http://www.un.org/ru/ga/51/docs/51res.shtml>

3. Международная конвенция ООН о борьбе с финансированием терроризма от 9 декабря 1999 г. // [Электронный ресурс]// Режим доступа:

http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/terfin.shtml

ӘОЖ 343.847

Нурасыл А.Ж.

*Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ-сы*

БАС БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕУ ЖАЗАСЫН ӨТЕУДЕН ЖАЛТАРҒАНДЫҒЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада бас бостандығын шектеу жазасына сотталған тұлғалар жазасын өтеуден жалтарғаны үшін жауаптылық белгілеу мәселелері қарастырылған. Осы жаза түріне сотталғандар өздеріне жүктелген міндеттерді бірінші рет орындамаса, оларға қатысты ескерту жасалады. Ал егер бір жыл ішінде сотталғандар тарапынан бұл жағдай қайталанатын болса, онда оларға қатысты бас бостандығын шектеу жазасы қатаңырақ жаза бас бостандығынан айырумен алмастырылады. Осы жердегі бір жылдық мерзіммен бас бостандығын шектеу жазасын тағайындау мерзімінің төменгі шегінің, яғни алты айлық мерзім арасында сәйкессіздіктер орын алған. Мұндай қарама-қайшылықты жою бағытында, сәйкесінше қолданыстағы заңнама ережелерін жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалған.

Кілт сөздер: бас бостандығын шектеу, сотталған, жауаптылық, бас бостандығынан айыру, жаза.

ВОПРОСЫ УСТАНОВЛЕНИЯ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА УКЛОНЕНИЕ ОТ ОТБЫВАНИЯ НАКАЗАНИЯ В ВИДЕ ОГРАНИЧЕНИЯ СВОБОДЫ

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы установления ответственности за уклонение от отбывания наказания лицами, осужденными к ограничению свободы. При первом невыполнении осужденными возложенных на них обязанностей в отношении них делается предупреждение. А если в течение года со стороны осужденных эта ситуация будет повторяться, то в отношении них наказание в виде ограничения свободы заменяется более строгим наказанием в виде лишения свободы. В данном случае имеются расхождения между нижним пределом срока назначения наказания в виде ограничения свободы, то есть шестимесечным сроком и сроком на один год. Выработаны

предложения по устранению такого противоречия и, соответственно, совершенствованию положений действующего законодательства.

Ключевые слова: ограничение свободы, осужденный, ответственность, лишение свободы, наказание.

ISSUES OF ESTABLISHING LIABILITY FOR EVADING SERVING A SENTENCE OF RESTRICTION OF LIBERTY

Abstract. This article discusses the issues of establishing responsibility for evasion from serving a sentence by persons sentenced to restriction of liberty. At the first non-fulfillment by the convicts of the duties assigned to them, a warning is issued against them. And if this situation is repeated by the convicts during the year, then the punishment in the form of restriction of freedom is replaced with a more severe punishment in the form of imprisonment. In this case, there are discrepancies between the lower limit of the term of sentencing in the form of restriction of liberty, that is, a six-month term and a one-year term. Proposals have been developed to eliminate such a contradiction and, accordingly, to improve the provisions of the current legislation.

Keywords: restriction of Liberty, convicted, liability, deprivation of Liberty, punishment.

Бас бостандығын шектеу жазасын өтеуден жалтары мәселелеріне тоқталайық. ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 67-бабында бас бостандығын шектеу жазасын өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғандығы үшін сотталғанды жауаптылыққа тарту негіздері қарастырылған. Атап айтқанда осы баптың 1-тармағында аталған жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзу ретінде сотталған тарапынан жасалатын келесідей іс-әрекеттер қарастырылған:

- 1) сот жүктеген міндеттерді орындамау;
- 2) пробация қызметінің талаптарын орындамау;
- 3) сот үкімімен баруға тыйым салынған жерлерге бару;
- 4) пробация қызметін хабардар етпей тұрғылықты жерін, жұмыс, оқу орнын ауыстыру;
- 5) пробация қызметін хабардар етпей әкімшілік-аумақтық бірлік шегінен тыс жерге кету;
- 6) пробация қызметіне белгіленген күндері тіркелу және өзімен тәрбие жұмысын жүргізу үшін дәлелсіз себебтермен келмеу;
- 7) жеке басын куәландыратын құжатты өзімен бірге алып жүрмеу;
- 8) электрондық бақылау құралдарын қасақана бұзу (бүлдіру);
- 9) жеке басы құқығына, кәметке толмағандардың құқығына, отбасылық-тұрмыстық қатынастарға, қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қолсұғатын, сотталған адамға соларды жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау[1].

Бұл аталған жазаны өтеу шарттары мен тәртібін бұзғандығы үшін жазалау шарасы ретінде өтеп жатқан жазасын бас бостандығынан айыру жазасына

ауыстыру туралы жазаба ескерту қолданылады.

Егер жазасын өтеу барысында сотталған тарапынан аталған құқықбұзушылықтар орын алғандығы анықталған болса, пробация қызметі ондай сотталғанды үш жұмыс күні ішінде әңгімелесу үшін шақыртады. Сотталғанмен ескертушілік сипаттағы әңгіме жүргізу кезінде оған болашақта мұндай құқықбұзушылықтарға жол бермеу туралы түсіндіреді және өтеп жатқан жазасын бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылатындығы туралы жазбаша ескерту түріндегі жазалау шарасын қолданады[2].

Ал егер сотталған тарапынан осы жоғарыда аталған іс-әрекеттердің бірі бір жыл ішінде қайталанатын болса, жазаны өтеу шарттары мен тәртібін қаскөйлікпен бұзу деп саналады. Енді осы жерде заңшығарушы тарапынан кейбір қателіктерге жол берілген сияқты, өйткені бас бостандығын шектеу жазасының тағайындалу мерзімінің төменгі шегі алты айды құрайтындығын ескеретін болсақ, аталған ережелердегі «бір жыл ішінде» және «алты айдан» ұғымдары бір-біріне сәйкес келмейді. Айталық бас бостандығын шектеу жазасы алты ай мерзімге тағайындалды, осы алты айлық мерзім ішінде аталған құқықбұзушылықтарды сотталған жазасын өтеу барысында қайта жасады, онда бұл қаскөйлік болып саналама деген сұрақ туындайды. Әрине қаскөйлік болып саналады, яғни бұл жерде біз «қайталап жасау» деген ұғымға аса назар аударамыз. Сондықтан осындай орын алған кемшіліктерге жол бермеу үшін ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 67-бабының 2-тармағының 1-тармақшасындағы «бір жыл» ұғымын келесі «жазаны өтеу мерзімі» ұғымымен ауыстыру қажетті, сәйкесінше ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 67-бабының 2-тармағының 1-тармақшасын келесідей мәтінде ұсынамыз:

«1) осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген бұзушылықтарды жазаны өтеу мерзімі ішінде қайталап жасау;».

Сонымен қатар жазаны өтеу шарты мен тәртібін қаскөйлікпен бұзу ретінде келесідей іс-әрекеттер танылады:

1) жазаны өтеп жүріп Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге кету;

2) сотқа дейінгі іс жүргізу Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65-бабының бірінші бөлігі, 68-бабының бірінші және үшінші бөліктері, 78-бабының екінші және төртінші бөліктері негізінде тоқтатылған жағдайда, сотталған адамның қылмыстық құқық бұзушылық, оның ішінде қайталап қылмыс жасауы;

3) заңды талаптарды орындаудан бас тарту, сол сияқты пробация қызметінің қызметкерін қорлау не оған қатысты күш қолдану қатерін төндіру;

5) пробациялық бақылаудан жасырыну;

6) ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 60-бабы үшінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген дәлелді себептерсіз мәжбүрлі еңбекті орындаудан жалтару[1]. Сотталған тарапынан қаскөйлікпен жасалған жазаны өтеу тәрібімен шартын бұзғандығы үшін жазалау шарасы ретінде оған өтеп жатқан жазасын бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылуы мүмкін[1]. Бұл үшін пробация

қызметі осы жазаны белгілейтін сот үкімін шығарған сотқа сотталған тарапынан аталған жазаны өтеу тәртібі мен шартын қасақана бұзғандығы анықталғаннан бастап отыз күн ішінде ұсыным жасауы тиіс. Ұсынымда келесідей мәліметтер көрсетілуі қажет:

- сотталғанның сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтаруы;
- сотталғанның қоғамдық тәртіпті бұзуы;
- сотталғанның сол уақыт ішінде Пробация қызметіне келмеген уақыты;
- сотталғанға қатысты қандай ықпал ету іс-шаралары қабылданғаны;
- ол іс-шаралардың сотталғанға тигізген әсері;
- сондай-ақ сотталғанға қатысты қолданылған әкелу мен ұстаудың бар-жоғы

жөніндегі нақты фактілер[1].

Сонымен қатар осы ұсынымға келесідей құжаттар тіркелуге жатады:

- сотталғанның жұмыс, оқу және тұратын орнынан мінездеме;
- Пробация қызметі қызметкерінің сотталғанның мінез-құлқы туралы баянаты, оның өмір салты;
- сотталғанның түсініктемесі;
- және басқа да құжаттар[1].

Сот сотталғанға бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыру жазасын ауыстыратын туралы шешім қабылдайтын болса, онда келесідей тәртіпте жазаны өтеу мерзімін есептейді, жазаның өтелмеген мерзімі бас бостандығын шектеудің бір күні үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылады[3].

Сот тәжірибесінде бас бостандығын шектеу жазасы бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылған сотталғандарды бас бостандығынан айыру жазасына сотталған деп тану мәселесі бойынша кейбір кемшіліктер орын алуда. Оған тәжірибеден келесідей мысал келтіруге болады:

Жамбыл облысы Байзақ аудандық сотының 2015 жылғы 11 наурыздағы үкімімен О. бұрын 2013 жылғы 25 ақпанда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 178-бабы 2-бөлігінің «а, в» тармақтарымен 4 жылға бас бостандығын шектеуге сотталған, осы соттың 2014 жылғы 23 желтоқсандағы қаулысымен 4 жылға бас бостандығын шектеу жазасы 4 жылға бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылған,

- ҚК-нің 179-бабы 2-бөлігінің «а, в» тармақтарымен мүлкі тәркіленіп, 7 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 101-бабының 1-бөлігімен 1 жыл 6 айға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 58-бабының 3-бөлігіне сәйкес қатандығы жеңілдірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру жолымен мүлкі тәркіленіп, 7 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған.

ҚК-нің 60-бабына сәйкес 2013 жылғы 26 ақпандағы үкіммен тағайындалған жазаның өтелмеген бөлігін ішінара қосу арқылы түпкілікті О.-ның мүлкі тәркіленіп, 9 жылға бас бостандығынан айыруға, жазасын түзеу колониясының қатаң режимінде өтеуге сотталған.

ҚК-нің 14-бабы 1-бөлігінің негізінде О.-ның әрекетінде қылмыстардың қайталануы танылған.

Сот үкімімен О. адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, тұрғын үйге заңсыз кіріп, бөтен мүлікті ұрлау мақсатында шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан қарақшылық, сондай-ақ абайсызда кісі өлтіргені үшін кінәлі деп танылған.

Қылмыстық іс апелляциялық тәртіппен қаралмаған.

Сотталған О. өтінішхатында оның әрекетінде қылмыстардың қайталануы дұрыс танылмағанын көрсетіп, сот үкімін өзгертіп, аталған қателікті жойып, оған жазаны ҚК-нің 55-бабының 2-бөлігіне сәйкес тағайындауды және сәйкесінше түзеу мекемесінің түрін өзгертуді сұраған.

Сотталған О.-ның кінәсі іс бойынша жинақталған және сот отырысында жан-жақты, толық, объективті бағаланып зерттелген, дәйектілігі жағынан ешбір күмән келтірмейтін дәлелдемелермен толық бекітілген.

Сотталған О.-ның қылмыстық әрекеттерін сот дұрыс саралаған.

Алайда сот жаза тағайындау барысында сотталғанның іс-әрекетінде қылмыстың қайталануы бар деген тұжырымға қате келген.

Іс материалдарынан О.-ның Тараз қаласы № 2 сотының 2013 жылғы 25 ақпандағы үкіммен ҚК-нің 178-бабы 2-бөлігінің «а,в» тармақтарымен 4 жылға бас бостандығын шектеуге сотталғаны, кейін Байзақ аудандық сотының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы қаулысымен О. бас бостандығын шектеуді өтеуден қаскөйлікпен жалтарғандықтан 4 жылға бас бостандығын шектеу жазасы 4 жылға бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылған.

«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының 12-тармағына сәйкес сот үкімі бойынша ҚК-нің 45-бабының 2-бөлігінде көзделген негіздер бойынша тағайындалған жаза (бас бостандығын шектеу) бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылса, ондай адамдарды бас бостандығынан айыруға сотталған деп есептеуге болмайды.

Ал ҚК-нің 14-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстардың қауіпті қайталануын тану үшін адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болуы керек.

Сол себепті сотталған О.-ның әрекетінде қылмыстардың қайталануы дұрыс танылмағандықтан, сондай-ақ қылмыстардың қайталануын сотталғанның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жай ретінде тану үкімнен алып тастауға жатады.

Соттар қылмыстық жаза тағайындағанда жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, кінәлі адамның жеке басына қатысты мәліметтерді, оның жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталушының түзелуіне, отбасының және оның асырауындағы адамдардың тұрмыс жағдайына ықпалын ескерулері қажет.

ҚК-нің 53-бабына сәйкес сот О.-ның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жай ретінде оның жасаған қылмысын мойындағанын

таныған.

ҚК-нің 55-бабы 2-бөлігінің 3) тармағына сәйкес жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген жеңілдететін мән-жай болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде, жаза мерзімін немесе мөлшерін осы ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің аса ауыр қылмыс жасаған кезде – төрттен үшінен асыруға болмайтыны көрсетілген.

ҚК-нің 179-бабының 2-бөлігімен он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Осыған байланысты, ҚК-нің 55-бабының 2-бөлігімен көзделген талаптарды ескере отырып, О.-ға бас бостандығынан айыру түріндегі тағайындалуы мүмкін жазаның ең жоғары мөлшері 6 жыл 8 ай болып саналады.

О.-ға жазаны ҚК-нің 60-бабының негізінде 2013 жылғы 26 ақпандағы үкіммен тағайындалған жазаның өтелмеген бөлігін ішінара қосу жолымен тағайындау қажет.

Жоғарыда көрсетілген нормативтік қаулының 20-тармағына сәйкес тәркілеуге жататын мүлік үкімнің қарар бөлігінде анық көрсетілуі тиіс және тәркілеу сотталғанның және (немесе) үшінші тұлғалардың меншігінде тұрған, заңсыз тәсілмен табылған не заңсыз тәсілмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікке ғана қолданылуы мүмкін екендігі көрсетілген.

Аталған қылмыстық іс бойынша О.-ның жеке меншігінде заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлік бар екендігі туралы ешбір деректер жоқ, сондай-ақ, іске О.-ның меншігінде ешқандай мүліктің жоқ екені туралы құжаттар тіркелген. Сондықтан О.-ға тағайындалған мүлікті тәркілеу түріндегі қосымша жаза жойылуға жатады.

Сонымен қатар, О. бұрын бас бостандығынан айырылмағанына байланысты ҚК-нің 46-бабы 5-бөлігінің 2) тармағына сәйкес оның жазаны өтеу мекемесі ретінде қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесі болуы қажет.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған О.-ға қатысты бірінші сатыдағы сот үкімін өзгертіп, О.-ның іс-әрекетінде қылмыстардың қайталануы мен оның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жай бар деген тұжырым алып тасталды.

О.-ға ҚК-нің 179-бабы 2-бөлігінің «а,в» тармақтарымен тағайындалған бас бостандығынан айыру жазасының мерзімі:

- ҚК-нің 55-бабы 2-бөлігі 3) тармағымен 6 жыл 8 айға;
- ҚК-нің 58-бабы 3-бөлігінің негізінде онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сңіру жолымен 6 жыл 8 айға;
- ҚК-нің 60-бабын қолданып, түпкілікті 7 жыл 6 айға дейін төмендетіліп, жазаны өтеуді қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесіне ауыстырылып, мүлкін тәркілеу қосымша жазасы жойылды.

Үкімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылып, сотталған О.-ның өтінішхаты қанағаттандырылды[4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі/Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ.// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234>
2. «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 511 бұйрығы//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14C0009738>
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі/Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының №11/2018 Бюллетені//https://sud.gov.kz/sites/default/files/pagefiles/byulleten_no_11_2018_g.pdf

УДК 338.26 (075.8)

Курманалиева Э.Б.

*заң ғылымдарының кандидаты, Еуразиялық заң академиясының доценті,
Қазақстан Республикасы Алматы қ., e-mail: Yelmira_777@mail.ru*

Сюрикпаева А.О.

*заң ғылымдарының магистрі, Еуразиялық заң академиясының оқытушысы,
Қазақстан Республикасы Алматы қ., e-mail: as_asel.084@mail.ru*

КӘСІПКЕРЛІК ҰЙЫМДАСТЫРУ НЫСАНДАРЫ

Түйіндеме: Ғылыми мақалада кәсіпкерлікті түсіндірудің әр түрлі тәсілдері мен тұжырымдамасын анықтауға қатысты әртүрлі көзқарастар қарастырылған. Мақалада кәсіпкерлік секторының мәнін қалыптастыру эволюциясы көрсетілген. Кәсіпкерліктің әр түрлі түрлерінің жіктелуі және олардың сипаттамасы қарастырылады. Кәсіпорындар қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық механизмі көрсетілген, бұл кәсіпкерлік сектордың тиімділігін арттыру, сонымен қатар институционалдық орта шеңберінде ұйымдастырушылық-құқықтық механизмді жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Ғылыми мақалада нарықтық экономиканың қызмет етуі үшін ерекше фактор қажет екендігі, ең бастысы қолайлы нарықтық жүйені қалыптастыру, кәсіпкерлік пен бәсекелестікті дамыту екендігі атап өтілген. Нарықтық қатынастардың дамуы жағдайында кәсіпкерлік бұл мемлекеттің экономикалық тұрақтылығының іргелі негіздерінің бірі екенін ескере отырып, біз кәсіпкерлік

кәсіпкерліктің белсенді дамып келе жатқан түрлерінің бірі болып табылатындығын тоқтатты.

Түйінді сөздер: кәсіпкерлік, жеке меншік құқығы, кәсіпкерлік сектор, шағын бизнес, кәсіпкерлік қызмет.

ФОРМЫ ОРГАНИЗАЦИИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

Аннотация: В научной статье рассматриваются различные точки зрения к определению понятия и различные подходы к трактовке предпринимательство. В статье представлена эволюция формирования сущности предпринимательского сектора. Рассмотрена классификация различных видов предпринимательства и их описание. Указывается организационно-правовой механизм на деятельность предприятий раскрывая необходимость повышения эффективности предпринимательского сектора, а также совершенствования организационно-правового механизма в рамках институциональной среды.

В научной статье отмечается, что для функционирования рыночной экономики нужен особый фактор, а главное это формирование благоприятной рыночной системы, развитие предпринимательства и конкуренции. Учитывая, что предпринимательство одна из фундаментальных основ экономической стабильности государства в контексте развития рыночных отношений, мы остановились, что предпринимательство является одной из активно развивающихся форм предпринимательской деятельности.

Ключевые слова: предпринимательство, право частной собственности, предпринимательский сектор.

FORMS OF BUSINESS ORGANIZATION

Annotation: The scientific article discusses different points of view on the definition of the concept and different approaches to the interpretation of entrepreneurship. The article presents the evolution of the formation of the essence of the business sector. The classification of various types of entrepreneurship and their description is considered. The organizational and legal mechanism for the activities of enterprises is indicated, revealing the need to increase the efficiency of the business sector, as well as to improve the organizational and legal mechanism within the institutional environment.

The scientific article notes that a special factor is needed for the functioning of a market economy, and the main thing is the formation of a favorable market system, the development of entrepreneurship and competition. Given that entrepreneurship is one of the fundamental foundations of the economic stability of the state in the context of the development of market relations, we stopped that entrepreneurship is one of the actively developing forms of entrepreneurial activity.

Keywords: entrepreneurship, private property, business sector, small business, entrepreneurial activity.

Нарықтық қатынастың дүниеге келуі және өркендеуі көптеген жағдайларды талап етеді, соның ішінде қызмет ететін ортаның орны ерекшемаңызды зор болып табылады. Нарықтық экономиканың қызмет ету ортасы арнайы бір фактордың болуын қажет етеді. Ең бастылары: қолайлы нарықтық жүйені қалыптастыру, кәсіпкерлік пен бәсекелестікті дамыту.

Нарықтық қатынастардың дамуы аясында мемлекеттің экономикалық тұрақтылығының іргелі негіздерінің бірі кәсіпкерлік қызмет болып табылады. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V «Кәсіпкерлік кодексі» 2015 жылы 29 қазанда қабылданып, 2016 жылдан қолданысқа енді. Онда «кәсіпкерлік» дегеніміз – азаматтар мен оралмандардың және заңды тұлғалардың белгілі бір мүлікті өндірісті, материалдық құндылықтарды пайдалану арқылы таза кіріс алуға бағытталған дербес бастамашыл қызметі. Ол жеке меншік құқығы негізінде немесе мемлекеттік кәсіпорынның шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына негізделген тауарларды сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет - кәсіпкердің атынан, тәуекел жүзінде және мүліктік жауапкершілік аясында жүзеге асырылады[1,б.109].

Мемлекет әрдайым экономиканың осы саласын дамытуға қолдау көрсетіп келеді. Осы саладағы заңнаманы қайта-қайта жаңғырту жиі байқаймыз. Мысалы, кәсіпкерлікке байланысты алғашқы заң жобасы 1990 жылы 11 желтоқсанда Қазақ КСР-індегі «Экономикалық қызмет бостандығы және кәсіпкерліктің дамуы туралы» заңы күшіне енді. Заңдардың бұл жиынтығы кәсіпкерліктің әлеуметтік, экономикалық және құқықтық негіздерін анықтады. Келесі заңнамалық акт - Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 4 шілдедегі № 1543-XII «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» заңы, осы құжаттағы маңызды жаңалық «сауда құпияларын қорғау» түсінігін енгізу болды. Заңда сонымен қатар, кәсіпкерлік қызметке заңсыз кедергі келтіргені үшін жауапкершілік қарастырылған. Мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының кәсіпкерлік қызметке кедергі келтіретін әрекеттері болған жағдайда (тіркеуден негізсіз бас тарту, тіркеу куәлігін берудің мерзімін бұзу; лицензия, патент беруден бас тарту, негізсіз толық немесе ішінара тоқтату немесе кәсіпкерлік қызметті тоқтата тұру және басқа жағдайларда), кәсіпкер сотта нақты шығындардың орнын толтыруды ғана емес, сонымен қатар қалыпты жағдайда алатын пайдасын да талап ете алады.

Кәсіпкерлік секторды дамытудың келесі кезеңі «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы № 131-I заңымен өтті. Шағын бизнесті мемлекеттік қолдаудың және бизнесті енгізу саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың жан-жақты болуына бағытталған Қазақстан Республикасындағы шағын бизнесті дамытудың басты қағидасы оның негізгі қағидаты болды.

«Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі» бойынша жұмысшылардың орта саны мен жылдық табысының және жылдық орта табысына сай оларды келесі санаттарға жатады:

- 1) шағын бизнес, сондай-ақ соның құрамындағы микро-бизнес;
- 2) орта кәсіпкерлік субъектісі;
- 3) ірі кәсіпкерлік субъектісі

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңнамасының 55 бабында да бәсекелестікке қатысты іс-әрекет түрі көрсетілген [2, б.46].

Бәсекелестік - сөзін латын тілінен аударғанда тікелей «қақтығысу» деген ұғымды білдіреді. Жалпы бәсекелестік көшбасшылықты, нарықтық экономикада бірінші болуды көздеген тауарды өндірушімен, тасымалдаушының арасында орын алатын күрес. Бәсекелестікте кәсіпкердің негізгі мақсат тұтынушының түрлі тал аптарын орындай отырып, өзінің өнімін сата отырып, пайдасын көру.

Жалпы бәсекелестік экономикадағы жүйеде және оның барлық саласында тиімділігін арттыру көзі ретінде қолданылатын маңызы зортәсілдің бірі.

Елімізде 1987 жылы кооперацияға қатысты заң қабылданғаннан бастап кәсіпкерлік қызметі дами бастады. Негізінен бұл заңнаманың қабылдануы жасырын түрде жасаған Кеңес Одағындағы кәсіпкерлік кооперативтер немесешаруашылық субъектілерінің іс-әрекеті еді. Жаңа кооперативтер «Қайта құру» кезеңінде жекеменшік және аздаған айырмашылығы бар капиталистік шағын фирмалар дүниеге келе бастады. Тәуелсіздік алған жылдан бастап ресми түрде кәсіпкерлік меншіктің дамуы орын алды. Үкімет тарапынан алдымен орталықсыздану талаптарына сәйкес жанама, кейіннен тікелей түрде қолдау көрсетілді.

Еліміздегі кәсіпкерлік қызметінің алғашқы кезеңі 1980-91 жж. КСРО кезіндегі «қайта құру» дәуірінен бастау алды. Осы тұста кооперация, бірлескен кәсіпорындар және жеке еңбектік қызмет туралы заңдар шықты. Сонымен қатар, үкімет тарапынан мемлекеттік жеңілдік шаралары іске қосылды.

Нәтижесінде, еліміздің экономикасында қоғамдық тамақтандыру және өнім өңдеу кәсіпорны, жеке бөлшек сауда-саттық орны секілді кооперативтік қозғалыс түрі жылдам дами түсті. Кәсіпкерлік өзінің қалыптасу және даму барысында Қазақстанда мынадай кезеңдерден өтті. Тауар тапшылығы жойылып, кооперативтер құрылды. Ол еліміздегі кәсіпкерліктің фундаменті болды.

1980-1990 жылдар аралығында 20 мыңдай кооператив қызмет етті. Кооперативтегі жұмыс істеген қызметкерлердің саны 300 мыңдай болды. Сол кезеңде кооперативтер жалпы өнім мен көрсететін қызметтердің 1/4 бөлігінен аса астамын жүзеге асырылды.

Осы шақта тұрмыстық қызмет саласы, кең тұрғыда қолданылатын тапшы тауар өндірісі, бөлшек сауда және т.б. мемлекеттік бюджет тарапынан және өзге де түрлі берілген жеңілдіктердің арқасында қарқынды түрде дами түсті. Әр

түрлі жеңілдіктер (оның ішінде мемлекеттік бюджет есебінен), экономикадағы тиімді жағдайлар шағын кәсіпкерліктің «алтын ғасырына» сияқты осы кезеңге ардагерлер қатынасын қамтыды.

Шынында да капиталдың тез және жеңіл жинақталу түрі, кең тұтынатын тапшы тауарлар өндірісі, ол кезде тапшы саналатын тұрмыстық қызметтер саласы, бөлшек сауда, қоғамдық тамақтандыру, т.б. дамыды. Алайда осы шақта мемлекеттік кәсіпорындарының ресурс көздерін шағын кәсіпорындар көлеңкелі жасырын экономикаға жеткізуші каналы іспеттес болды. Яғни жартылай қылмыстық, сондай-ақ қарапайым қылмыстық нарық кәсіпкерлік үлесіне өткізетін көпір рөлін сомдады.

Нәтижесінде еліміздегі отандық өндіріс пен инфрақұрылымның дамуына арналған кәсіпкерлікте жиналатын қаражат пайдаланылған жоқ. Осы жағдайға байланысты жаңа реформа мен жаңа экономикалық бағыттарды талап етті.

Келесі, 1992- 1994 жылдар аралығында кәсіпкерліктің екінші кезеңі бастау алды. 1980 жылдың ортасы мен 1992 жыл, шағын кәсіпорындармен және жұмыскерлер санының артуымен сипат алады. Бағаның еркін баға жүйесіне көшу және салықтың прессинг жүйесін іске қосу кәсіпкерлік қызметіндегі шағын кәсіпкерліктің қаржы базасының құлдырауына әкелді.

Инфляцияның әсерінен банктердегі несиелердің проценттік ставкасы жылдам өсті. Сонымен бірге, халық жинағы құнсыздалды және осыған дейін иемденбеген инвестиция қызметін құлдыратты.

Екінші кезеңде шағын кәсіпкерлік 3,4 есе, ауыл шаруашылық секторы 3,1 есе, нарықтық қызметің қамтамасыз ететін жалпы коммерциялық білім беру 2,8 есе өсті. Осы аралықта материалдық өндіріс аясындағы шағын кәсіпкерліктің саны күрт төмендеді [3,б. 120].

Осы кезеңдегі сауда мен делдалдық қызметтің дамуына себеп болған Қазақстан Республикасы үкіметінің жаңадан енгізілген салық туралы заңы. Шағын кәсіпкерліктің жалпы табысының 70-80 % мемлекет салық түрінде мәжбүрлеп алып отырған.

Осындай қиыншылыққа қарамастан Қазақстанда биржалары, банктері, сақтандыру компаниялары, жеке және жартылай мемлекеттік 29 акционерлік қоғамдар ашыла бастады. Үкімет фермерлер шаруашылықты салықтың барлық түрінен босатты және шаруа қожалығы туралы заң қабылданды. Сондықтан, 1992-1994 жылдар аралығында шаруа қожалықтардың саны 16,3- 22,3 мыңға дейін өсті.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, еркін нарықтық экономикасыз, дербес өндірушісіз, кәсіпкерлік белсенділіксіз қоғамның өркендеуі мүмкін емес. Ел экономикасының барлық салалары мен салаларында шағын және орта нарықтық құрылымдарды қалыптастыру экономикалық процестердің әлемдік шаруашылық үрдістеріне жауап береді, өйткені әлемнің барлық елдерінде шағын және орта бизнес саласында әртүрлі бейіндегі шағын кәсіпорындардың едәуір саны жұмыс істейді. Кәсіпкерлік негізінен экономикалық өсу қарқынын, жалпы ұлттық өнімнің құрылымы мен сапасын айқындайтын, мемлекеттің

қарқынды дамуына елеулі дәрежеде ықпал ететін нарықтық экономиканың маңызды элементі болып табылады.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда Қазақстан басқа елдерден айтарлықтай артта қалуы туралы кең таралған пікірлерге қарамастан, бұл сектор бүгінде біздің елімізде кәсіпорындардың жалпы санының кемінде 70 пайызын құрайды және оған жұмыспен қамтылғандар санының және өнімдер мен қызметтер өндірісінің жалпы көлемінің шамамен 35-40 пайызы келеді. Осылайша, кәсіпкерлік-қазіргі заманғы экономиканың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Өзінің экономикалық табиғаты бойынша ол нарықтық шаруашылықпен тығыз байланысты және оның өнімі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кодексі (2021.02.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [http:// zakon.kz](http://zakon.kz)

2. Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы Қазақстан Республикасының 1998 ж. 22 сәуірдегі № 220-I Заңы (2020.03.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [http:// zakon.kz](http://zakon.kz)

3. Мұхамбетова З.С. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметтің дамуы: Монография. Қарағанды:Қазақтұтын одағы Қарағанды Экономикалық университеті,-2010,-120 бет.

УДК 347.93

Қансейтов Р.Д.

*Преподаватель кафедры Гражданско-правовых дисциплин
Евразийской Юридической Академии имени Д.А. Кунаева, магистр права,
e-mail: ruslankanseitov@gmail.com*

ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ КЕЗЕҢІНДЕ СОТТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІ ҚАРАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ КАРАНТИННЕН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйіндеме: Осы мақалада шектеу іс-шаралары кезеңінде сот ісін жүргізу мәселелері, карантин кезеңінде де, карантиннен кейінгі кезеңінде де сот отырыстарын аудио-бейнетіркеу мәселелері қарастырылады. Мақалада қолданылатын мәліметтер Алматы қалалық сотынан алынған. Сондай - ақ, қалыптасқан жағдай туралы заң қауымдастығынан мәлімет алу үшін «Эксперты

права-2018» ЗКП төрағасы А.Е. Айдарбековті дәйексөздеп, сот отырыстарын онлайн және аудио-бейнетіркеу мәселелері бойынша түсініктемесі алынды. Мақалада азаматтар мен заңды тұлғалардың қатысуымен сот процестерін одан әрі онлайн жүргізу үшін сот органдарын отандық бағдарламалық қамтамасыз ету проблемасы көрсетілген. Сондай-ақ, мақалада карантин кезінде және одан кейін азаматтар мен заңды тұлғалардың сот қорғауымен қамтамасыз етілуіне баға беріледі, сот отырыстарын аудио-бейнетіркеу рәсімінің олар онлайн режимде өткен кезде ҚР қолданыстағы іс жүргізу заңнамасына сәйкестігіне баға беріледі.

Түйін сөздер: онлайн режиміндегі сот отырысы, бейнеконференцбайланыс, сот отырыстарын аудио-бейнетіркеу, сот отырысының қысқаша хаттамасы, процестің аудиожазбасын ұсыну.

ПРОБЛЕМЫ РАССМОТРЕНИЯ ГРАЖДАНСКИХ ДЕЛ СУДАМИ В ПЕРИОД ОГРАНИЧИТЕЛЬНЫХ МЕР И ВОПРОСЫ СУДОПРОИЗВОДСТВА В ПОСТКАРАНТИННОМ ПЕРИОДЕ

Аннотация: В настоящей статье обозреваются вопросы судопроизводства в период ограничительных мер, вопросы аудио-видеофиксации судебных заседаний, как в период карантина, так и в посткарантинный период. Данные, используемые в статье, получены из Алматинского городского суда. Также, для получения сведений о сложившейся ситуации от юридического сообщества, в статье процитирован председатель ПЮК «Эксперты права - 2018» Айдарбекова А.Е., который дал пояснения по вопросам судопроизводства онлайн и аудио-видеофиксации судебных заседаний. В статье отображена проблема обеспечения судебных органов Отечественным программным обеспечением, для дальнейшего проведения судебных процессов с участием граждан и юридических лиц онлайн. Также, в статье дается оценка обеспеченности граждан и юридических лиц судебной защитой во время и после карантина, дается оценка соответствия процедуры по аудио-видеофиксации судебных заседаний действующему процессуальному законодательству РК, когда они проходят в режиме онлайн.

Ключевые слова: судебное заседание в режиме онлайн, видеоконференцсвязь, аудио-видеофиксация судебных заседаний, краткий протокол судебного заседания, предоставление аудиозаписи процесса.

PROBLEMS OF CONSIDERATION OF CIVIL CASES BY COURTS DURING THE PERIOD OF RESTRICTIVE MEASURES AND ISSUES OF JUDICIAL PROCEEDINGS IN THE POST-QUARANTINE PERIOD

Annotation: This article reviews the issues of judicial proceedings during the period of restrictive measures, issues of audio-video recording of court sessions, both during the quarantine period and in the post-quarantine period. The data used in the article are obtained from the Almaty City Court. Also, in order to obtain information

about the current situation from the legal community, the article quoted the chairman of the «Law Experts 2018» PJC Aidarbekov A.E., who gave explanations on the issues of online legal proceedings and audio-video recording of court sessions. The article reflects the problem of providing judicial authorities with domestic software for further conducting trials involving citizens and legal entities online. Also, the article assesses the provision of citizens and legal entities with judicial protection during and after quarantine, assesses the compliance of the procedure for audio-video recording of court sessions with the current procedural legislation of the Republic of Kazakhstan when they are held online.

Keywords: online court session, video conferencing, audio-video recording of court sessions, a short protocol of the court session, provision of audio recordings of the process.

Как известно, роль судов при любом государственном строе и любой эпохе является одной из важнейших. Суд, как орган последней инстанции при разрешении споров, не только выносит решения, но и формирует у общества доверие и уважение к закону.

Судебная защита своих прав и свобод обеспечена Конституцией Республики Казахстан. Юридическому сообществу известно, что с целью обеспечения судебной защиты, в период ограничительных мер, обусловленных распространением коронавирусной инфекции, наша судебная система перешла на работу в формате онлайн.

Безусловно, такой переход обеспечил минимальный контакт участников гражданских споров, что в свою очередь сыграло немаловажную роль по противодействию распространению вируса.

Подобный формат работы судов продолжается по сегодняшний день, в виду его удобства, малозатратности и экономии времени.

Поводом для написания настоящей статьи, явился вопрос, которым я задался как участник судебных процессов, «Каким образом производятся аудио и видео фиксация судебных заседаний, когда они проходят онлайн посредством мессенджеров и других приложений обеспечивающих видеосвязь?».

Для получения компетентного ответа на мой вопрос, я направил запрос в Алматинский городской суд.

Как следует из предоставленного ответа Алматинского городского суда от «01» февраля 2022 года № 7599-22-5-20/636, проведение судебных процессов осуществляется посредством дистанционного участия сторон с помощью мобильного телефона, видеоконференцсвязи (ВКС) в онлайн режиме, через интернет приложения «TrueConf», «ZOOM» «Skype» и «WhatsApp» .

Судебные заседания по уголовным делам в отношении подсудимых, которым применена мера пресечения в виде содержания под арестом, с учетом тяжести совершенных ими уголовных правонарушений, проводятся посредством видеоконференции, а также посредством приложения «Zoom».

Судебные заседания по гражданским делам проводятся через мобильные приложения «WhatsApp», «Skype», «Zoom» с применением системы аудио-видеофиксации.

За 2021 год судами города Алматы проведены 128 993 судебных заседаний, из них:

- с ВКС - 3 898 или 3%;
- с приложением «TrueConf» - 3153 или 2,4%;
- с приложениями WhatsApp, Skype, Zoom и т.д. - 121 770 или 94,4% [3].

Предоставленные сведения свидетельствуют о том, что наибольшая доля проводимых судебных заседаний приходится на приложения WhatsApp, Skype, Zoom.

Мне, как участнику судебных процессов, удалось участвовать на заседаниях только посредством приложения WhatsApp, из чего я могу предположить, что именно на это приложение приходится большинство процессов.

Полагаю, это объясняется тем, что указанное приложение есть практически на каждом смартфоне и оно очень простое в использовании, более того, последнее обновление WhatsApp позволяет совершить видеозвонок с 8 участниками одновременно.

Отвечая на мой главный вопрос: «Каким образом ведется фиксация судебных процессов, когда стороны дела участвуют в процессе посредством мессенджеров и как этот процесс протоколируется секретарем судебного заседания », Алматинский городской суд сообщил, что секретарь судебного заседания ведет протокол судебного разбирательства в соответствии с требованиями главы 26 ГПК, за одним исключением, что участники судебного разбирательства участвуют в онлайн формате через планшет установленного перед председательствующим судьей.

В день судебного заседания секретарем производится видеозвонок участникам процесса и одновременно подключается система аудио-видеофиксации [3].

Согласно пункту 1 статьи 281 ГПК РК (Глава 26), о каждом судебном заседании суда первой инстанции, а также о каждом отдельном процессуальном действии, совершенном вне заседания, за исключением случаев, предусмотренных настоящим Кодексом, составляется протокол в письменной форме либо краткий протокол при ведении аудио-, видеозаписи судебного заседания.

Согласно пункту 3 статьи 282 ГПК РК, в случае фиксирования разбирательства дела с использованием средств аудио-, видеозаписи составляется краткий протокол [1].

На сегодняшний день, в виду обеспечения залов судебного заседания системой аудио-видеофиксации, секретарями судебного заседания составляются краткие протоколы, что соответствует требованиям процессуального законодательства.

Законом РК от «10» июня 2020 года № 342-VI ЗРК «О внесении изменений и дополнений в Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан по вопросам внедрения современных форматов работы судов, сокращения излишних судебных процедур и издержек», пункт 4 статьи 282 ГПК РК изменен, а именно: изменен вопрос о предоставлении сторонам гражданского процесса аудио-видеозаписи судебного заседания [2].

Действовавшая, до введения указанного изменения, редакция ГПК позволяла сторонам подать ходатайство о предоставлении видеозаписи судебного заседания.

Сейчас же, судами по ходатайству сторон предоставляются только аудиозапись процесса и краткий протокол.

Как следует из Правил применения технических средств связи, обеспечивающих участие в судебном заседании, и требования к ним, аудио-, видео фиксация судебного заседания – процесс цифровой записи видео и звука, которые фиксируются с помощью видеокамер и микрофонов в зале судебного заседания, а также поступающего по сетям передачи данных от участников процесса, с применением видеоконференцсвязи [3].

О порядке предоставления аудиозаписи судебного заседания детально пояснила главный специалист секретарь судебного заседания Октябрьского районного суда города Караганды Байтолеуова Б.С. в своей статье в Республиканской общественно-политической, правовой газете «AQIQAT ARNASY» - выпуск № 19-20 (122-123) от 11 мая 2022 года.

Из статьи следует, что предоставление аудиозаписи судебного заседания производится на основании письменного ходатайства сторон.

Запись производится на флеш-карте, CD-R и DVD дисках, предоставляемых самими сторонами гражданского дела и через устройства без подключения к сети Интернет для безопасности данных.

По получению аудиозаписи на соответствующих носителях стороны предоставляют уполномоченному сотруднику суда расписку о получения записи [4].

Не смотря на указанные изменения, судебные процессы все таки фиксируются на видео, обосновано это тем, что аудио-, видеозаписи судебных заседаний используются в целях судопроизводства для точного фиксирования хода судебного разбирательства, а также в целях установления фактических данных в гражданском, уголовном судопроизводстве, производстве по делам об административных правонарушениях либо в рамках производства по дисциплинарному делу.

Следовательно, нынешнее положение, где на видео, по сути, фиксируются только судья и секретарь судебного заседания, не нарушает процессуальные права сторон по онлайн процессам, ведь как указано выше, предоставлению подлежат исключительно аудиозаписи процессов.

В целях всестороннего изучения моего вопроса, после обращения в Алматинский городской суд, для получения ответа с возможной иной точкой

зрения, я обратился к Председателю ПЮК «Эксперты права - 2018» Айдарбекову Асылбеку Ермековичу с просьбой прокомментировать нынешнюю ситуацию с фиксацией судебных процессов, а также высказать мнение по поводу онлайн процессов.

Как сообщил господин Айдарбеков А.Е.: «В начале пандемии шли речи о требовании вернуться к традиционному (офлайн) порядку судопроизводства, но в настоящее время, практический ни в одной социальной сети таких заявлений нет, что является довольно показательным. Я лично сам оценил удобство онлайн формата судопроизводства и считаю, что этот формат будет использоваться еще долго.

Что касается аудио-видеофиксации процессов, сейчас выдаются только аудиозаписи судебных заседаний, хотя стоит отметить и некую пользу выдачи видеозаписей процессов, ведь можно было уловить реакцию участников процесса на речи, заявления, ходатайства и на предоставляемые письменные доказательства при их изучении судом и сторонами.

Возможно, исключение предоставления видеозаписей процессов обосновано предостережением от недобросовестных участников процесса, которые могли бы использовать видеозаписи в своих целях, в том числе, с использованием монтажа.

В целом, аудиозаписи процессов предоставляются судами с хорошим качеством, каких-либо жалоб и нареканий от коллег по этому вопросу я не слышал.

Единственное, хотелось бы, чтобы суды использовали инструмент получше, чем WhatsApp, со встроенной функцией записи экрана и звука, но я думаю, что мы к этому придем, все таки следует считаться с популярностью и доступностью WhatsApp что и в принципе делает судебная власть для обеспечения наших прав на судебную защиту».

Хочу отметить, что я практический согласен во всем с господином Айдарбековым А.Е., учитывая, что вышеперечисленные мессенджеры являются иностранными, стоит задуматься о создании Отечественного продукта, обеспечив тем самым независимость и безопасность проведения судебных процессов онлайн по стране.

Сразу хотелось бы предложить разработчикам максимально упростить пользователям возможность подключения к судебному процессу, путем клика по ссылке, которая бы направлялась судом сторонам дела СМС оповещением, без установления программного обеспечения на телефон, хотя это, несомненно, является трудозатратным и возможно дорогим удовольствием. Это было бы очень полезно для граждан, которым тяжело самостоятельно разобраться в вопросах установки приложений и регистрации в них.

Изучив ответ Алматинского городского суда, выслушав мнение Председателя ПЮК «Эксперты права - 2018» Айдарбекова А.Е., я пришел к выводу, что в целом государство сумело обеспечить нас судебной защитой

наших прав в карантинный период и в настоящее время судебная власть применяет достижения информационных технологий.

Фиксация судебных процессов осуществляется согласно требованиям Гражданского процессуального законодательства и при необходимости стороны дела или их представители могут получить аудиозаписи судебных заседаний, что касается получения видеозаписи судебных заседаний, их перестали предоставлять с июня 2020 года.

Также, стоит задуматься о разработке Отечественного цифрового обеспечения для проведения судебных заседаний онлайн с учетом интересов судебной власти, юридического сообщества и граждан.

Список использованной литературы:

1. Гражданский процессуальный кодекс РК от 31 октября 2015 года № 377-V ЗРК (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.01.2022 г.). [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://online.zakon.kz/> ;

2. Закон РК от «10» июня 2020 года № 342-VI ЗРК «О внесении изменений и дополнений в Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан по вопросам внедрения современных форматов работы судов, сокращения излишних судебных процедур и издержек»;

3. Правила применения технических средств связи, обеспечивающих участие в судебном заседании, и требования к ним, утвержденные Приказом Руководителя Департамента по обеспечению деятельности судов при Верховном Суде Республики Казахстан (аппарат Верховного Суда Республики Казахстан) от 15 октября 2019 года № 7;

4. Ответ Алматинского городского суда от 01 февраля 2022 года № 7599-22-5-20/636 (ответ на обращение от 23 января 2022 года);

5. Главный специалист, секретарь судебного заседания Октябрьского районного суда города Караганды Байтолеуова Б.С. Порядок ознакомления и предоставления участникам судебного заседания аудиозаписи заседания приложенной к протоколу судебного заседания (Сот отырысының хаттамасына қоса тіркелген сот отырысының аудиожазбасын сот ісін жүргішуге қатысушыларға таныстыру және беру тәртібі) // Республиканская общественно-политическая, правовая газета «AQIQAT ARNASY» - выпуск № 19-20 (122-123) от 11 мая 2022 года. - С-6;

Кеңес А.А.

*Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң Академиясының
бейндік бағыттағы 1 курс магистранты*

ҚАЗАҚСТАНДА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ИДЕЯСЫ, ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация. Автор мақалада, Қазақстанның конституциялық дамуын, саяси жүйені жетілдіру мен елдегі қоғамдық тұрақтылықты нығайту үшін айтулы жыл болғандығын атап кеткен. Бұл орайда, Республика Президенті тарапынан қазіргі кезеңде қойылып отырған басты міндет – конституциялық новеллаларды құқықтық заңдастыру және елдің бүкіл заңнамалық базасын жаңартылған Негізгі Заңға сәйкестендіру болып табылады. Жүргізілген конституциялық реформалар нәтижесінде, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының байланысы күшейді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың соттық және өзге де механизмдерін жетілдіруге жағдай жасалды. Бұл Конституция саяси тұрақтылықты, бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ететін ең негізгі фактор болып табылады. Конституциялық қадағалауды және бақылауды жүзеге асыратын ерекше орган - Конституциялық Кеңес болып табылады. Ол белгілі бір заңның, әкімшілік актінің немесе өзге де шаралардың конституцияға сәйкестігі туралы мәселені сот рәсімдемесінің ережелері бойынша талқылау жолымен емес, Кеңестің бір мүшесінің осы мәселе бойынша баяндамасын талқылау арқылы жүзеге асырылады, Конституциялық Кеңес – мемлекеттегі құқық қорғау қызметінің ерекше түрі, ол мемлекет заңдарының және Конституцияның басқа нормативтік актілерінің сәйкестігін тексеруден айқын көрінетіндігін атап кеткен.

Кілт сөздер: Мемлекет, Конституциялық кеңес, қадағалау, заң.

ИДЕЯ, ОПЫТ И ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ КОНСТИТУЦИОННОГО КОНТРОЛЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. В статье автор отмечает что этот год, знаменательный год для совершенствования конституционного развития Казахстана, политической системы и укрепления общественной стабильности в стране. В этой связи главной задачей, поставленной Президентом Республики на современном этапе, является правовая легализация конституционных новелл и приведение всей законодательной базы страны в соответствие с обновленным Основным Законом. А также, в результате проведенных конституционных реформ усилились связи государственных органов и институтов гражданского общества, созданы условия для совершенствования судебных и иных механизмов защиты прав и свобод граждан. Конституция является основным фактором,

обеспечивающим политическую стабильность, мир и согласие. Особым органом, осуществляющим конституционный надзор и контроль, является Конституционный совет. Можем отметить, что Конституционный совет – особый вид правоохранительной деятельности в государстве, проявляющийся в проверке соответствия законов государства и других нормативных актов Конституции, который осуществляется не путем обсуждения вопроса, о соответствии определенного закона, административного акта или иных мер Конституции по правилам судебной процедуры, а путем обсуждения доклада одного члена Совета по данному вопросу.

Ключевые слова: Государство, Конституционный совет, закон.

IDEA, EXPERIENCE AND THEORETICAL ASPECTS OF CONSTITUTIONAL CONTROL IN KAZAKHSTAN

Description. In the article, the author notes that this year is a significant year for improving the constitutional development of Kazakhstan, the political system and strengthening social stability in the country. In this regard, the main task set by the President of the Republic at the present stage is the legal legalization of constitutional amendments and bringing the entire legislative framework of the country in line with the updated Basic Law. Also, as a result of the constitutional reforms, the ties between state bodies and civil society institutions have strengthened, conditions have been created for improving judicial and other mechanisms for protecting citizens' rights and freedoms. The Constitution is the main factor ensuring political stability, peace and harmony. A special body exercising constitutional supervision and control is the Constitutional Council. The Constitutional Council is a special type of law enforcement activity in the state, manifested in checking the compliance of state laws and other normative acts with the Constitution, which is not carried out by discussing the compliance of a certain law, administrative act or other measures with the Constitution in accordance with the Law.

Keywords: State, Constitutional Council, supervision, law.

«Конституциялық қадағалау – демократияның маңызды принциптерінің бірі ретінде, қалыптасқан жағдайдан жазылған конституцияның нормалары жоғарғы заңдық (әділеттік) күші болғандықтан шығады» [1, с. 67]. Қандай бір мемлекеттік орган шығарған құқықтық норма, егер оның ішіндегі жүргізу ережелері конституция талаптарына қайшы келмесе ғана, құқықтық күшіне енеді. Кері жағдайда бұл құқықтық норма жарамсыз болып танылады. Бұл міндет конституциялық бақылау институтына жүктелген, ол бекітілген форма бойынша заңдардың және басқа нормативтік актілердің олардың конституцияға сәйкестігін тексеруді жүргізеді. Сонымен, конституциялық бақылау қызметі, конституциялық заңдылықты қолдау және қамтамасыз етуде. Жазба Конституция елдегі басқа барлық нормативтік құқықтық актілерге қарағанда жоғары күшіне ие болады. Сондықтан да жарияланатын кез келген нормативтік

құқықтық актілер конституцияға сәйкес келетін түрде ғана жүзеге аса алады. Конституциялық бақылау материалдары, кейбір заңдардың тиісті түрде тұжырымдамалық дайындықсыз қабылданатынын, бір-біріне қайшы келіп жататынын, ал оларға негізсіз жиі енгізілетін түзетулер қолданыстағы заңнама мен құқық қолдану практикасының тұрақсыздығын туындататынын айғақтайды. Конституциялық қадағалау (бақылау) органдары әр түрлі жолдармен құрылады. «Конституциялық бақылау доктринасы бірінші рет 1803 жылы АҚШ-тың Жоғарғы сотымен Джон Маршалдың төрағалығымен Мэрбюрге ісі бойынша, Мэдисонға қарсы қалыптастырылды және қолданылды» [2, 29 б.]. АҚШ-тың федералдық конституциясы Жоғарғы сотты, Конгресс заңдарының конституцияға сәйкестігін белгілеу құқығын бермесе де, ол осы құқықты қолданды және институтқа айналдырды. Аталған соттық шешімде Жоғарғы сот 1789 жылы қабылданған «Сот құрылымы туралы» Заңның 13-ші бөлімін, Конституцияның III-ші бабына қайшы, сот арқылы күштеп қолдануға жарамсыз деп тапты. Сонымен АҚШ Жоғарғы соты өзіне өзі конституциялық бақылау өкілеттілігін қосып алды, бұл шешім ешқашанда қайта қаралған жоқ.

Конституциялық бақылау Швейцарияда 1848 жылы, 1853 жылы Аргентинада енгізілді. Қазіргі уақытта ол әр түрлі формада барлық жерде қолданылады.

Шет елдерде конституциялық бақылау екі негізгі түрде қолданылуы мүмкін.

Жалпы юрисдикциялық барлық соттарға конституциялық бақылау жүргізу (АҚШ, Аргентина, Мексика, Дания, Норвегия, Канада, Австралия, Индия, Жапония). Бұл жүйені орталықтандырылмаған немесе американдық деп атайды. Бұл елдерде заңның немесе басқа нормативтік актінің конституцияға сәйкестігі туралы сұрақты, оның негізінде пайда болған нақты істі, кез келген сот қоя алады, бірақ соңғы шешімді жоғарғы соттық инстанция шығарады. АҚШ-та осындай жоғарғы инстанция, штаттардың заңдарына қатысты, штаттардың жоғарғы соттары, ал федералдық соттарға қатысты – АҚШ-тың Жоғарғы соты болып табылады. Қазіргі уақытта АҚШ-тың Жоғарғы соты тоғыз судьядан тұрады, оларды өмір бойына Президент тағайындайды «Сенаттың Кеңесі бойынша және келісімімен». Бұл Президент ұсынған кандидатура қатысқан сенаторлардың үштен екі бөлігімен қолдауға ие болуға тиісті екенін білдіреді.

Жапония Конституциясы (81-бапта) мына жазуды сақтайды «Жоғарғы сот, жоғарғы инстанциялық сот болып табылады, оның кез келген заңның, бұйрықтың, алдын ала жазудың және басқа ресми актінің конституцияға сәйкестігі туралы сұрақты шешуге өкілеттілігі бар» [2, 165 б.].

Конституциялық бақылаудың екінші түрі – орталықтандырылған (немесе европалық), жалпы юрисдикциялық соттар жүйесіне кірмейтін, ол жерде осы мақсатқа арнайы квазисоттық органдар құрылған елдерде қолданылады. Бұл органдар үшін бақылау қызметі жалғыз және негізгі қызмет болып саналады (ГФР, Австрия, Италия, Франция). Орталықтандырылған конституциялық бақылау органдары әртүрлі тәсілдермен қалыптастырылады. Мысалы, Австрияның федералдық Конституциялық сотының мүшелерін үкіметтің

ұсынысы бойынша президент тағайындайды, Италияның Конституциялық сотының мүшелері тең үлесте президентпен, парламентпен және магистратурамен тағайындалады, Францияның Конституциялық Кеңесінің мүшелері тең үлесте президентпен, Ұлттық жиналыс төрағасымен және Сенат төрағасымен тағайындалады. Конституциялық бақылаудың екі алдыңғы түрлерінің негізгі белгілерін өзіне біріктірген басқа органдарының түрлері болуы мүмкін. Грецияда 1975 жылғы Конституцияның негізінде, конституциялық бақылаудың құқығымен жалпы юрисдикциялық барлық соттар қамтылған (орталықтандырылмаған түрі), бірақ сонымен бірге Жоғарғы арнайы сот құрылған (орталықтандырылған жүйе). Конституциялық бақылаудың объектілері кәдімгі, конституциялық және органикалық заңдар, конституцияға өзгертулер, халықаралық келісім-шарттар, парламенттік регламенттер, мемлекеттік биліктің атқарушы органдарының нормативтік актілері болуы мүмкін (ережеге сәйкес, әкімшілік юстиция жоқ елдерде). Федеративтік мемлекеттерде, конституциялық бақылаудың объектілері қатарына одақ пен федерация субъектілері арасындағы компетенцияны шектеу сұрақтары да жатады. Конституциялық бақылаудың субъектілері жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ актінің конституцияға сәйкестігі туралы сұрау салу құқығы бар мемлекеттік органдар болуы мүмкін. Конституциялық бақылаудың субъектілерінің шеңберінің қысқаруы (Франция) тәжірибеде, ол парламенттің өкілеттілігін шектейтін атқарушы биліктің органына (мемлекет басшысы және үкімет) айналады. Конституциялық бақылау өзінің мазмұны бойынша формальды және материалды болуы мүмкін. Бірінші жағдайда, конституциялық бақылаудың объектілері болып табылатын, заңдарды және басқа нормативтік актілерді қабылдау үшін белгіленген процедуралық ережелердің сақталуы тексеріледі. Екінші жағдайда, заңдардың және басқа нормативтік актілердің мазмұны олардың конституциялық мәніне сәйкестігі тұрғысынан тексеріледі. Конституциялық бақылаудың процедурасы соттық іс болып табылатын нақты себеп бойынша ашылуы мүмкін (АҚШ, Италия, ГФР, Мексика, Индия) және нақты себепсіз заңмен белгіленген конституциялық бақылаудың ұсынысы бойынша ашылуы мүмкін (Франция). Конституциялық қадағалаудың айтылған екі түрі – нақты және абстрактілік – бір уақытта қолданылуы мүмкін (ГФР, Италия).

Шетелдік елдердің тәжірибесінде конституциялық бақылаудың екі формасы қолданылады – алдын ала және кезекті. Алдын ала бақылау заңдардың, олардың парламент арқылы өту кезеңінде (Швеция, Финляндия, Канада, жекелей Францияда) конституцияға сәйкестігін тексеруді қарастырады. Турасын айтқанда, бұл жерде заң жобаларының конституцияға сәйкестігін тексеру туралы сөз болуда. Заңды қабылдауға рұқсат берілгеннен кейін, оның конституцияға сәйкестігін тексеруге болмайды. Егер конституцияға қайшы келетін заңды қабылдау қажеттігі туындаса, конституцияға сәйкес түзету енгізілу керек. Кезекті конституциялық бақылау қолданылатын елдерде (АҚШ, Италия, ГФР, Франция), тексеруден өтіп, күшіне енген заңдардың конституцияға сәйкестігі

тексеріледі. Кейбір елдерде (Франция, Ирландия, Никарагуа, Панама) конституциялық бақылаудың екі формасы да қолданылады.

Конституциялық бақылау жүргізетін орган, барлық заңды түгелімен немесе оның ережелерін конституцияға қайшы деп тануы мүмкін. Жалпы ереже бойынша конституциялық бақылау органының шешімі соңғы болып табылады және өзі ғана қайта қарауы мүмкін. Заңды немесе басқа актіні толығымен немесе жартылай конституцияға қайшы деп санаудың құқықтық нәтижесі, сәйкес заң немесе нормативтік акт толығымен немесе жартылай заңдық күшін жояды және соттармен қолданудан қалады. Бұл тек кезекті конституциялық бақылауға қатысты. Конституциялық бақылау жазылған конституциямен тікелей қарастырылмаған елдерде, заңды конституцияға қайшы таныса, оны формальды алып тастауға апармайды. Оны тек парламент істей алады. Қайшылығы бар заң формальды түрде қолданыстағы заңдылықтардың қатарында саналады, бірақ соттармен қолданылмайды. Конституциялық бақылау негізгі заң деп көрсетілген елдерде (Индия, Канада, Колумбия) заң конституцияға қайшы деп танылса, бұл оның заңды түрде қолданыстан алынғанын білдіреді. Кезекті Конституциялық бақылауды қолданатын елдерде, конституцияға қайшы деп танылған заң қай кезеңнен бастап қолданыстан шығады деген сұрақ өте маңызды. Аталған проблеманың маңызы мынада, парламенттің заңды қабылдағаны және оның конституцияға сәйкес еместігі анықталғанша (танылғанша), біраз уақыт өтуі мүмкін, ол уақыт ішінде қайшы деп танылған заң негізінде көптеген құқықтық қатынастар орын алады.

Бұл жағдайда екі принцип қолданылады: а) заң өз күшіне ену кезеңінен бастап, қолдануға жарамсыз деп танылады; б) заң оның конституцияға сәйкес емес танылған кезеңнен бастап, жарамсыз деп саналады. Екінші принцип, жиірек қолданылады, себебі ол азаматтық айналымда және басқа құқықтық қатынастарда (белгісіздік) анықталмағандық туғызбайды [3, 24 б.].

Конституциялық бақылау – мемлекеттегі құқық қорғау қызметінің ерекше түрі, осы мемлекеттің заңдарының және конституцияның басқа нормативтік актілерінің сәйкестігін тексеруде көрінеді. Конституциялық бақылау жүргізілуі мүмкін:

а) жалпы юрисдикциялық барлық соттармен (мысалы, АҚШ, Аргентина, Дания, Мексика, Норвегия, Жапония);

б) жоғарғы соттың инстанциясы болып саналатын, жоғарғы сотпен (мысалы, Австралия, Боливия, Индия, Ирландия, Канада, Филиппина, Швейцария);

в) арнайы конституциялық соттармен, олар үшін Конституциялық бақылау, олардың басты қызметі болып табылады (Ресей федерациясы, ГФР, Италия, Турция, Кипр, Австралия);

г) соттық емес бағыттағы ерекше органмен (мысалы, Францияда Конституциялық Кеңес).

Конституциялық бақылаудың объектілері жай заңдар, конституцияға өзгертулер, халықаралық келісім-шарттар, палаталардың регламенттері, үкіметтің атқарушы органдарының нормативтік актілері (Әділет министрлігінің

әкімшілік жүйесі жоқ мемлекеттерде)болуы мүмкін. Федеративтік мемлекеттерде Конституциялық бақылау объектілеріне одақ және федерация субъектілері арасындағы компетенцияны шектеу сұрақтары да кіреді. Мазмұны бойынша Конституциялық бақылау формальды болуы мүмкін (заңдарды және басқа нормативтік актілерді қабылдау үшін белгіленген кезендік ережелердің сақталуы тексеріледі) немесе материалдық (заңдардың және басқа нормативтік актілердің мазмұны, олардың конституциялық мәніне сәйкестігі тұрғысынан тексеріледі), абстракттік (өкілеттілігі бар субъектілердің біреуінің бастамасы бойынша, нақты себепсіз) немесе нақты (тек нақты соттың іске байланысты жүргізіледі).Қазіргі кезеңдегі мемлекеттердің тәжірибесінде кезекті Конституциялық бақылау қолданылады, бұл жерде тексеруге қабылданған және күшіне енген заңдар жіберіледі (АҚШ-та, Италияда, ФГР-да), немесе алдын ала тексеруге парламенттің қарауындағы заңдар жіберіледі (Швецияда, Финляндияда). Францияда, Мавританияда, Габонда және басқа елдерде Конституциялық қадағалауға парламент қабылдаған заңдар олардың қабылданғанға дейін тексеруге жіберіледі. Конституциялық бақылау жүргізетін орган, бүкіл заңды немесе оның бөлігін конституцияға қайшы деп тануы мүмкін, бұл нормалар өзінің заңдық күшін жоғалтады және соттармен және басқа мемлекеттік органдармен қолданудан алынады.

Заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуда Конституцияның құқықтық қорлануына зор мән беріледі. Конституцияның қоғамда алатын орны айрықша. Ол оның басты құқықтық, саяси құжаты. Барлық мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, лауазымды адамдардың, азаматтардың қызметі, барлық құқықтық актілер Негізгі заңға сәйкес келуі тиіс. Бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық жүйесін тұрақтандырудың аса маңызды шартының бірі болып табылады. Конституцияны қорғаудың айрықша мәнділігін, тиісті органдардың осы салада тиімді жұмыс істеуін осыдан-ақ байқауға болады .

Конституцияны құқықтық қорғау деп Конституцияның барлық нормаларының орындалуын және конституциялық заңдылық режимінің қатаң сақталуын қамтамасыз ететін заң құралдарының жиынтығы ұғынылады. Аталған қызмет әртүрлі нысанда жүзеге асырылады. Бұл орайда конституциялық бақылауға (қадағалауға) айрықша орын беріледі. Ол- Конституцияны қорғаудың негізгі, барынша тиімді тәсілі. Конституциялық бақылауды жалпы нысанда алғанда заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің конституцияға сәйкестігін тексерумен байланысты қызмет ретінде айқындауға болады. Конституциялық бақылауды (қадағалауды) кімнің жүзеге асыруы қажеттігі туралы мәселеге келсек, қазіргі мемлекеттердің өмірінде ол әртүрлі жолдармен шешіледі. Конституцияның қорғалуын жүзеге асыратын органдардың төрт түрлі үлгісі бар. Айталық, бірқатар мемлекеттер конституциялық заңдарды тексеруді барлық соттарға жүктейді (АҚШ, Жапония және басқалары). Басқа елдерде бұл қызметті тек Жоғарғы Сот жүзеге асырады (Гвинея, Камерун және тағы басқалары). Елдердің үшінші бір тобында (ГФР-да, Ресейде, Италияда және тағы

басқаларында) жалпы юрисдикция органдарынан бөлінген арнаулы орган – Конституциялық Сот құрылады. Сонымен бірге конституциялық бақылауды жүзеге асыру сот сипатындағы емес арнаулы органға жүктелетін елдер де бар (Франция, Алжир және тағы басқалары). Көптеген елдерде конституциялық қадағалау (бақылау) органы мен конституциялық сот ісін жүргізу үшін арнайы заңдар қабылданады. Конституциялық бақылаудың қажеттілігі негізінде бірнеше себеп жатыр. Біріншіден, конституциялық нормалар әдетте құрылтайшылық немесе бастапқы сипатқа ие болып келеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының преамбуласында Конституцияны Қазақстан халқы қабылдайтындығы атап көрсетілген: «Қазақстан Республикасының халқы республикалық референдумда жалпы халықтық дауыс беру жолымен осы Конституцияны қабылдайды» [4]. Конституциямен көзделген барлық басқа актілер құрылтайшылық билік болып табылатын Конституцияның актілеріне қайшы келмеуге тиіс. Өйткені, Конституциямен белгіленген төмен тұрған және құрылтайшылық билік өкілеттігіне ие, соған сай олар шығаратын актілер де Конституцияда белгіленген олардың құзыретіне сәйкес болуы керек. Конституциялық бақылаудың рөлі қазіргі жағдайда тіпті арта түскен. Өйткені, Парламент Конституцияда бірден-бір заң шығарушы орган болып табылмады. Басқа да заң шығарушы органдардың болуы құқық шығарушылыққа ие билік органдары жүйесінің иерархиясын, соған орай құқықтық актілердің өзінің иерархиясын алдыға тартады. Бұл жағдайда олардың қарама-қайшылығы және конституцияға сәйкессіздігі тәуекеліартады. Конституция адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді, ал конституциялық бақылаудың бір функциясы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес олардың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Конституциялық реттеуге тек тұғырлы немесе негіз болатын қоғамдық қатынастар жатады. Конституцияның қоғам өмірінің барлық салаларын құқықтық реттеп отыруға мүмкіндігі жоқ, сондықтан да құқықтағы кемшіліктер басқа да құқықтық актілермен толтырылады. Ал бұл құқықтық актілер конституциялық нормаларға қайшы келмеуге тиіс. Конституциялық бақылау деп тиісті органдардың Конституцияның және конституциялық заңдылықтардың үстемдігін қамтамасыз ету мақсатындағы қызметі ұғынылады. Ол актілердің және бұқаралық билік органдары қызметінің, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің қызметінің Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі мәселесін шешуде көрініс табады. Республикада конституциялық бақылаудың қалыптасуы құқықтық мемлекет құру жөніндегі конституциялық қағидалармен тығыз байланысты. Конституцияның басқа нормативтік актілерден сөзсіз басымдылығы құқықтық мемлекеттің басты белгілерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы егемен мемлекет ретінде қалыптаса бастаған алғашқы жылдарында тұңғыш рет конституциялық бақылау органы болып Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты танылды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» [5, с. 5] Конституциялық заңына сәйкес Конституциялық Сот Конституцияны сот

арқылы қорғайтын жоғары орган болып саналды. Республикада конституциялық бақылаудың одан әрі қалыптасуына Қазақстан Республикасының 1992 жылдың 5 маусымындағы «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Заңы және «Қазақстан Республикасындағы конституциялық сот істерін жүргізу туралы» Заңы барынша ықпал етті. Жоғарыда аталған заңдарға және 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес конституциялық бақылау Конституциялық Сотта шағым-өтініштердің қаралуы жолымен жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасының азаматтары өздерінің конституциялық құқықтары кемсітілген жағдайда Конституциялық Сотқа жүгінуге хақылы болды. Қазіргі уақытта 1995 жылғы жаңа Конституцияға және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» заң күші Жарлығына сәйкес Республикадағы конституциялық бақылау органы Конституциялық Кеңес болып табылады. Конституциялық заңдылықтар Конституциялық Кеңестің Қазақстан Республикасының Конституциясының үстемдігі оның барлық аумағында қамтамасыз етуші мемлекеттік орган ретіндегі мәртебесін бекітеді. Бұл ретте Конституциялық Кеңес өз алдында дербес, басқа ешқандай мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, лауазымды тұлғаларға немесе азаматтарға тәуелді емес. Конституциялық Кеңес өз өкілеттіктерін орындауда тек Конституцияға бағынуға міндетті.

1995 жылғы Конституцияға сәйкес Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру қызметі және кейбір іс жүзінде конституциялық бақылауды жүзеге асыруға келіп саятын іс-әрекеттер Конституциялық Кеңеске жүктелді. Сондықтан Қазақстандағы конституциялық билікті оны мемлекеттік биліктің дербес құрылымы ретінде айтуға болады және ол президенттік, заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерімен бірге мемлекеттік биліктің біртұтас бөлігі, сондай-ақ билік тармақтарының өзара қатынасындағы аса маңызды механизмдердің бірі- тежемелік және тепе-теңдік жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің билігінде екі: 1) алдын ала (превентивтік); 2) келесідегі (репрессивтік) конституциялық бақылау нысаны бар. Алғашқы нысан конституциялық нормативтік құқықтық кесімді (заңды) оған Президент қол қойғанға дейін тексеруді көздейді. Екіншісі ендігі әрекет ететін нормативтік кесімнің конституциялығын, сондай-ақ сайлау мен референдумдардың конституциялығын тексеруді білдіреді. Алдын ала конституциялық бақылау конституциялық емес заң қабылдаудың жолын кесуге мүмкіндік береді және сонысы арқылы заңнаманың тұрақтығына жәрдемдеседі деп дұрыс айтылады. «Конституциялық бақылаудың осы нысанының кемістігі Парламенттің заң шығарушылық жұмысына килігу мүмкіндігі болып мойындалады» [6, с 61]. Келесі конституциялық бақылаудың жақсы бір қасиеті Конституциялық Кеңестің Парламенттің заң шығарушылық жұмысына килікпей-ақ, заңды соттардың және басқару органдарының қолдану практикасын есепке ала отырып, оның конституциялығын тексеруге мүмкіндігі бары болып

табылады. Ал оның азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін маңызы зор.

Конституциялық бақылау абстрактті ұғым болып табылады, себебі заңның конституциялығы қандай да бір нақты іске қатыссыз қарастырылады. Келесі конституциялық бақылау нақты болып табылады. Екі жағдайда да конституциялық бақылауға ынта болу құқығының субъектілері мемлекеттік органдар, депутаттар, мемлекеттік лауазымды тұлғалар болып табылады.

Конституциялық бақылаудың превентивтік, сондай-ақ репрессивтік нысанында да қақтығыс жағдай туындауы мүмкін. Конституциялық Кеңес азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Конституциялық Кеңестің Республика Президентін, Парламент депутаттарын сайлауды жүргізу мен республикалық референдум жүргізудің дұрыстығы туралы дауларды қарастыру бойынша өкілеттіктері азаматтардың саяси құқықтарын қорғауға бағытталған. Басқа өкілеттіктерінде Конституциялық Кеңестің азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтыны туралы идеялар тікелей немесе жанама орын алады.

Конституциялық Кеңес іс жүргізуге қабылданған өтінішті қарайды және өтініш түскеннен кейінгі бір айдың ішінде ол бойынша қорытынды шешім қабылдайды. Конституциялық іс жүргізу қорытынды шешім қабылдағанға дейін мынадай: 1) егер өтініш жасаған субъект өз өтінішінен бас тартқан; 2) конституциялығы дауға түскен акт кері қайтарылған немесе заңдық күшін жоғалтқан; 3) егер мәлімделген өтініш Конституциялық Кеңестің қарауына жатқызылмаған жағдайда тоқтатылуға жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мишин А.А. Конституционное (государственное) право зарубежных стран: Учебник для вузов (17-е изд., исправ. и доп.е). - М.: Статут, 2013. - 487 с.
2. Қопабаев Ө.Қ. Шетелдердің Конституциялық құқығы. - Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 284 б.
3. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: Академиялық курс. өнд., толық., 3-бас., - Алматы: Жеті жарғы, 2008. - 536 б.
4. Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңдарының заң терминдері мен ұғымдарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі сөздігі. - Астана: «Қазақстан Республикасының Заң, шығару институты» ЖШС, 2008. - 1000 б. (қазақша - орысша). Астана: ТОО «Институт законодательства РК», 2008. - 1000 с.
5. Баймаханов М.Т., Аюпова З.К. и др. Становление правового государства и конституционный процесс в Республике Казахстан. – Алматы: КазГЮА, 2001. – 164 с.
6. Рогов И.И. Ключевой фактор развития страны. Конституционный контроль играет особую роль в обеспечении законности <http://www.kazpravda.kz/>

Қожахметов М.Б.,

*Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының 1-курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

Қуаналиева Г.А.

*Ғылыми жетекші: Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының
профессоры, заң ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы, Алматы
қаласы, e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru*

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ҰҒЫМЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

Аннотация. Экологиялық құқық бұзушылық деп, экологиялық зиян тигізетін немесе нақты зиян тигізу қауіпін тудыратын, я болмаса экологиялық құқық субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын құқықтық әрекет қабілеттілігі бар субъектінің құқыққа қайшы, кінәлі іс-әрекетін (әрекет немесе әрекетсіздігі) айтамыз.

Қоғамға қауіптілік дәрежесіне байланысты экологиялық құқық бұзушылықтар теріс қылықтар және қылмыстар деп ажыратылады. Біріншісі яғни қоғамға қауіптілігі аз іс-әрекеттер, екіншісімен салыстырған кезде тәртіптік, материалдық, әкімшілік және азаматтық құқық бұзушылықтар болып табылады. Экологиялық құқық бұзушылықтардың түріне байланысты, тәртіптік, материалдық, әкімшілік, қылмыстық және азаматтық-құқықтық жауаптылық пайда болады.

Жалпы құқық теориясына сәйкес экологиялық құқық бұзушылықтар өзінің құрылымына байланысты объект, субъект, объективтік және субъективтік жақтардан тұрады.

Түйін сөздер: экология, экологиялық қауіпсіздік, экологиялық құқық бұзушылық, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері, экологиялық жауаптылық.

ПОНЯТИЕ И ВИДЫ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ

Аннотация. Экологическое правонарушение можно определить как противоправное, как правило, виновное деяние (действие или бездействие), совершаемое правоспособным субъектом, причиняющее или несущее реальную угрозу причинения экологического вреда либо нарушающее права и законные интересы субъектов экологического права.

С учетом степени общественной опасности экологические правонарушения подразделяются на проступки и преступления. Первые – менее общественно опасные деяния по сравнению со вторыми и являются дисциплинарными, материальными, административными и гражданскими правонарушениями. В

соответствии с видами экологических правонарушений наступает дисциплинарная, материальная, административная, уголовная и гражданско-правовая ответственность. В соответствии с общей теорией права экологическое правонарушение по своей структуре состоит из объекта, субъекта, объективной и субъективной сторон.

Ключевые слова: экология, экологическая безопасность, экологические правонарушения, экологические уголовные правонарушения, виды экологических уголовные правонарушений, экологическая ответственность.

THE CONCEPT AND TYPES OF ENVIRONMENTAL CRIMINAL OFFENSES

Annotation. The ecological offense can be defined as the guilty act illegal, as a rule, (action or inaction) made by the right capable subject, causing or bearing real threat of causing ecological harm or violating the rights and legitimate interests of subjects of the ecological right.

Taking into account degree of public danger ecological offenses are subdivided into offenses and crimes. The first – less socially dangerous acts in comparison with the second also are disciplinary, material, administrative and torts. According to types of ecological offenses there comes disciplinary, material, administrative, criminal and civil responsibility.

According to the general theory of the right the ecological offense on the structure consists of object, the subject, the objective and subjective parties.

Key words: Ecology, ecological safety, ecological offenses, ecological crimes, types of ecological prestupleniia, ecological responsibility.

"Таза болса табиғат - аман болар адамзат" деп халық даналығы бекерге айтылмаған. "Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды" деген норма Қазақстан Республикасының Конституциясының 31-бабында деп бекітілген [1]. Айналадағы қоршаған ортаның ластану проблемасы мемлекеттің экологиялық дамуына елеулі кедергі келтіреді. Сол себептен әлемдік шаруашылықтың дамуының бір бағыты ретінде Қазақстан қоғамы экономиканы экологизациялауды ескере келе, өзінің Ата заңында адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғау туралы мәселелерді заң жүзінде бекіткен. Қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану - қоғамның экономикалық даму барысын жетілдірудің міндетті шарты. Біздің елімізде табиғатты қорғау және оның байлықтарын тиімді пайдалану қоғамның дамуының конституциялық қағидаларына енгізілген, ол әрбір адамның парызы ретінде жалпы-мемлекеттік, жалпыхалықтық міндет болып табылады.

Экологиялық құқық - бұл қазіргі және келешектегі кезеңдерде адам баласының қажетті мүдделері үшін қоғам мен табиғат аясындағы үйлесімді

байланыстарға жету мақсатында экологиялық қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жүйесін болып табылады. "Экологиялық құқық экологиялық құқықты және заңды мүдделерді немесе экологиялық міндеттерді жүзеге асыру барысында туындайтын қоғамдық экологиялық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы" [2, 26 б]. Бұл құқық саласы салыстырмалы түрде алғанда жаңа болып табылады. Қоғам мен табиғаттың өзара байланысы негізі 2 нысандағы қоғамдық қатынастар негізінде көрініс табады. Біріншісі, табиғат ресурстарын пайдалану, екіншісі табиғатты қорғауда көрініс табады. Табиғат ресурстарын пайдалану деп, материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған қоғамның экономикалық мүддесін айтамыз. Ал табиғатты қорғау дегеніміз, қазіргі кезең және болашақ ұрпақтар үшін қоршаған табиғи ортаның сапасымен байланысты қоғамның экологиялық даму мүддесі болып табылады. Бірақ, тірі организмдердің жалпы қоршаған ортамен емес, табиғи ортамен байланысты екендігін де көрсету маңызды. Бұл орайда тірі организмге адам және қоғамды да жатқызуға болады. Сондықтан, экологияны дәлме дәл түсіну үшін, тек табиғи ортамен тікелей өзара қарым-қатынас болған жағдайда ғана анықтауға болады. Міне тек осы жерде ғана табиғатты дамыту және гүлдендіру туралы, экологиялық заңдарды сақтауға аса назар аудару керек.

Адам - табиғаттың эволюциялық даму нәтижесінің өнімі. Адам табиғатқа қатынасына байланысты оның әсерін байқайтын, өмірдің жаратылысынан тәуелді болатын, оны қоршаған ортаның объектісі ретінде және табиғи ресурстарды пайдаланатын, өзінің шаруашылық қажеттіліктерін шешу үшін табиғатты бейімдеуші субъект ретінде танылады.

Қоршаған ортаны қорғау аясында туындайтын қоғамдық қатынастар Қазақстан Республикасының әр түрлі нормативтік-құқықтық актілерімен реттеледі. Олардың ауқымы кең, атап айтқанда, жер, жер қойнауы, су, орман, атмосфералық ауа, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау және т.б. Аталмыш салалардағы "заңдардың міндеттеріне: адамның өмір сүруі үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, ұзақ мерзімге сақтау, қоршаған ортаны сауықтыру мен жақсарту, оған шаруашылық және өзге де қызметтің зиянды ықпал жасауына жол бермеу осы саладағы қоғамдық қатынастарды реттеу; экологиялық қатынастар саласында мемелкеттің, азаматтардың, мекемелер мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау; - қоршаған ортаны қорғау заңдарын бұзғаны үшін құқықтық жауаптылық шараларын белгілеу; - әр алуан экологиялық жүйелер мен ландшафтарды, бірегей табиғи объектілерді және соларға байланысты мәдени мұраны сақтау; экологиялық заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту кіреді" [3, 35 б].

Экологиялық құқық бұзушылық, соның ішіндегі экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені экологиялық құқық бұзушылықтан туындайтын зиянды салдар кең етек жайып

бара жатқаны айдан анық. Ол адамзат қоғамын бей-жай қалдырмауы керек. Бұл мәселе бүкіл дүниежүзі үшін ауқымды да, салмақты болуы қажет.

Қоршаған ортаның нашарлауы көбінесе бұрынғы жоспарлы экономиканың тиімсіздігімен байланысты болып отыр. Қоршаған орта туралы заңдардың тиісті дәрежеде дұрыс жүзеге асырылмауы, олардың орындалуының толық бақыланбауы, ескі технологиялардың қолданылуы, және өзге де көптеген жағдайлар судың, ауаның және топырақтың әрі қарай ластануына, өсімдіктер мен жануарлардың кейбір түрлерінің жойылуына себеп болды. Сонымен қатар сол кездегі ірі мемлекеттердің ядролық зерттеулері мен ғарыш кеңістігін игеруге байланысты тәжірибелері онсыз да қолайсыз экологиялық жағдайды және табиғи ресурстарды аяусыздықпен пайдалануды бұрынғыдан да үдете түсті. Мұндай жағдайдың мемлекеттің экологиялық жүйесіне әсер етпеуі мүмкін емес еді.

Осыған сәйкес ғалымдар мен бүкіл қоғамның табиғи ресурстарын пайдаланудың адам үшін маңыздылығы мен табиғи ортаны қорғаудың қажеттілігі арасындағы қарама-қайшылықтарға байланысты дабыл қағуы өте орынды болып табылады. Маңызды табиғи ресурстарды өте көп мөлшерде шаруашылық мақсатқа пайдаланудың қоршаған ортаға тигізетін теріс зардаптары мен залалдарын жеңілдету, оларды барынша азайту және табиғи байлықтарды молайту жөніндегі шараларды жасау міндеті туындайды. Табиғатты тиімді түрде үнемді пайдалану және оны қорғау, оның ресурстарын пайдалану кезіндегі тепе-теңдікті белсенді түрде сақтау, қоршаған табиғи ортаны жақсарту, ал бұл талаптар бұзылған жағдайда оны қалпына келтіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру қажеттілігінде сөз жоқ.

Экологиялық ахуалдың нашарлауы адамдардың өмірі мен денсаулығына, тіпті адамзаттың да тағдырына ықпал ететінін дәлелдей түседі. Бұл тұрғыдан алғанда барлық экологиялық қылмыстарды, жалпы экологиялық жағдайды зерттеуді қажет етеді.

Экологиялық қылмыстар мәселесін заңнамада бекітудің алғашқы құқықтық қадамы 1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қарастырылды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің 11-тарауы "Экологиялық қылмыстар" деп аталды. Бұл тарауда 18 қылмыс құрамы (277-294 баптар) болды. Бұрынғы ҚазССР-ң Қылмыстық кодексінде мұндай арнаулы тарау болмаған, экологияға байланысты жекелеген баптар "Шаруашылық қылмыстар" деген тараудан орын алған болатын.

3 шілде 2014 жылы жанадан қабылданып, 1 қаңтар 2015 жылы заңдық күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (ҚРҚК) 13 тарауы "Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар" деп аталады. Бұл тарауда 20 қылмыстық құқық бұзушылық құрамы (324-343 баптар) бар. Атап айтқанда, 324-бап. Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу; 325-бап. Экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу; 326-бап. Микробиологиялық немесе басқа да биологиялық агенттермен немесе уытты заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу; 327-бап.

Ветеринариялық қағидаларды немесе өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген қағидаларды бұзу; 328-бап. Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу; 329-бап. Атмосфераны ластау; 330-бап. Теңіз ортасын ластау; 331-бап. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңы және Қазақстан Республикасының айрықша экономикалық аймағы туралы заңнаманы бұзу; 332-бап. Жерді бүлдіру; 333-бап. Жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу; 334-бап. Жер қойнауын өз бетінше пайдалану; 335-бап. Балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу; 336-бап. Балық қорларын қорғау қағидаларын бұзу; 337-бап. Заңсыз аңшылық; 338-бап. Жануарлар дүниесін қорғау қағидаларын бұзу; 339-бап. Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерімен, олардың бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысу; 340-бап. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау; 341-бап. Ормандарды жою немесе зақымдау; 342-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзу; 343-бап. Экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шаралар қолданбау [4]. Қазіргі әрекетт етуші ҚКҚК-де 334-бап. Жер қойнауын өз бетінше пайдалану және 336-бап. Балық қорларын қорғау қағидаларын бұзу жаңа қылмыс құрамдары болып табылады.

Профессор А.Н.Ағыбаевтың айтуынша: Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық дегеніміз, қоршаған ортаға, оның ресурстарына, халықтың экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғатын қоғамға қауіпті, қылмыстық құқық бұзушылық заңға қайшы іс-әрекеттер болып табылады [5, 276-277 б.б]. Аталған қылмыстық қол сұғушылық, үлкен зиян келтіретіні сөзсіз.

Зерттеліп отырған қылмыстық құқық бұзушылықтардың қауіптілігі: біріншіден, олардың тәжірибеде соңғы уақыттары кеңінен тарап келе жатқандығынан; екіншіден, бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың сандық сипатымен қатар, сапалық көрсеткіштерінің де артуынан көрініп, елдің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіруге дейін жеткізіп отыр. Бұл орайда Ф.С.Жақсыбековамен келісуге болады: Экологиялық қылмыстардың демографиялық, әлеуметтік сипаттағы зардаптарын мынадан да көруге болады:

- қоғам мүшелерінің өмір сүру ұзақтығын төмендетуге, аурушандығын өршітуге, өлім-жітімнің көбеюіне, халықтың генофондының әлсіреуіне алып келетін өмір сүру ортасының сапасын тым төмендетуіне;
- экологиялық қолайсыз аумақтардың пайда болуына, қайта жанданып келе жатқан табиғи ресурстардың азғындауына;
- қайта жандануға жатпайтын табиғи ресурстардың (минералдық шикізат, көмірсутекті энерготасығыштар т.б.) сарқылуына;
- жер сапасының төмендеуіне әкеп соғады (осының бәрі адамның биологиялық түр ретіндегі құрып кету қаупін тудыруға әкеп соғуы мүмкін).

Экологиялық апаттың алдын алуға байланысты мәселелерді шешу үшін көнерген әдістерді пайдалану экологиялық қылмыстылық болып табылатын келеңсіз салдарға және қайтарымсыз процестерге әкеліп соғуы мүмкін [6, 5-6 б.б.].

Шартты түрде экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлық құрамын бірнеше топтарға бөлуге болды.

1. Қоршаған ортаны қорғауға қарсы жалпы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚРҚК 324-326, 331, 342, 343 баптар).

2. Жер мен жер қойнауын ұтымды пайдалану мен сақтау саласына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚРҚК 332-334 баптар).

3. Суды қатынастарын қорғау аясына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚРҚК 328, 330 баптар).

4. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау саласына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚРҚК 327, 335-341 баптар).

5. Атмосфералық ауа саласындағы қоғамдық қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚРҚК 329 бап).

Қоршаған ортаны қорғаумен байланысты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер құрамы ҚРҚК-ң "Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар" деп аталатын 4-тарауында да көрсетілген. Мысалы, Экоцид 169-бап.

"Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар" деп аталатын 6-тараудағы, 201-бапта жерге заттай құқықтарды бұзу құрамы белгіленген.

10-тараудағы "Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар" 276-бап. Атом энергиясын пайдалану объектілерінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу; 277-бап. Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу; 278-бап. Сапасыз салынған құрылыс; 279-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қағидаларды немесе нормативтердің талаптарын бұзу; 280-бап. Сараптамалық жұмыстарды немесе инжинирингтік қызметтер көрсетуді тиісінше орындамау; 281-бап. Жарылыс қауіп бар объектілерде қауіпсіздік қағидаларын бұзу; 282-бап. Ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу; 283-бап. Радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен заңсыз жұмыс істеу; 284-бап. Радиоактивті заттарды, радиоактивті қалдықтарды немесе ядролық материалдарды жымқыру не қорқытып алу; 285-бап. Радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен жұмыс істеу қағидаларын бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты көздейтін барлық баптардың нормалары бланкеттік диспозиция негізінде құрылған. Сондықтан да сот-тергеу тәжірибесінде, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарын құрайтын баптарды саралағанда экологиялық қауіпсіздік талаптарын реттейтін заңдар мен көптеген заңдық актілерге сілтеме жасау маңызды болып табылады.

Жалпы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісі, қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, тірі организмдерге қолайлы табиғи жағдайларды сақтау және адамдардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамсыз ететін қоғамдық қатынастар болып табылады.

Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей объектісі, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың реттейтін нақты қоғамдық қатынастар. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың заты, нақты табиғи ресурстары атап айтқанда, жер, су, ауа, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, орман-тоғай т.б. болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы белсенді әрекет немесе әрекетсіздік арқылы сипатталады. Көп жағдайда енжар әрекетсіздік орын алады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталуына байланысты формальды және материалды құрамдар да орын алған.

Субъективтік жағынан қасақана немесе абайсызда жасалуы мүмкін.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі, жалпы субъект немесе кейбір құрамдарда арнаулы субъект болып табылады.

Сайып келгенде, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының белгілері мен элементтерін дұрыс саралау өте маңызды болып табылады. Біріншіден, ол экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды, өзге экологиялық құқық бұзушылықтардың ажыратуға мүмкіндік береді. Екіншіден, ұқсас экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды бір бірінен ажыратып, қылмыстық жауаптылықты дұрыс тағайындауға негіз болады.

Сонымен қатар, ғылыми зерттеулерде көп айтылып жүрген экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық түрлерінің барлық белгілерін қамтитын, "Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымын" Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне арнайы заң нормасы ретінде енгізу қажет деп ойлаймыз. Сондай-ақ, әлі күнге дейін өз шешімін таппай жүрген экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін заңды тұлғаларды жауаптылыққа тарту мәселесі бойынша қазіргі әрекет етуші қылмыстық заңға толықтырулар мен өзгертулер енгізу қажет. Әрине ол оңай шаруа емес. Ол қылмыстық заңнамада күрделі реформа жасауды талап етеді. Дей тұрғанымен қоғам бір орында тұрмайды, оның дамуы жедел, сол себептен бұл мәселені болашақ еншісіне ұзатпау керек деп ойлаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы [Электрон. ресурс]. - 2021. - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (жүгіну уақыты 30.11.2021).
2. Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан: Учебное пособие. - Караганда: Арко, 2009. - 472 с.
3. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық негіздері: оқу құралы /жалпы ред. Басқарған А.Н.Ағыбаев. 2-бөлім. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 246 бет.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. [Электрон. ресурс]. - 2021. - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (жүгіну уақыты 30.11.2021).
5. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: оқу құралы / А.Н.Ағыбаев. - 2-бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 450 б.

6. Жақсыбекова Ф.С. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне қол сұғатын экологиялық қылмыстардың криминологиялық проблемалары. Заң ғылым., канд., ғылыми дәрежесін алу үшін дайын., дисс., авторефераты. Астана. - 2008. - 21 бет.

УДК 341.48

Кыбырай Д.

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық Заң Академиясы магистранты, Қазақстан Республикасы, Алматы, e-mail: diana.kybyrai@yandex.ru

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС: МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЭКСТРЕМИСТІК СИПАТТАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Түйіндеме: Бұл мақалада мемлекеттердің экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастығы сияқты күрделі және сонымен қатар жаһандық тақырып қарастырылады. Автор Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Шанхай Достастық Ұйымының қызметі аясында экстремистік әрекетке қарсы іс-қимылды нормативтік құқықтық реттеуге ерекше назар аударады. Қаралып отырған проблеманы талдауға сүйене отырып, автор Шанхай Достастық Ұйымы шеңберіндегі экстремистік мағынаның әрекеттері үшін халықаралық жауапкершілік мәселесі бойынша айрықша ерекшеліктерді атап өтеді: экстремистік көріністердің жоғары қауіптілігін тану; экстремизмнің бекітілген анықтамасының болуы; ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің құқық қорғау органдарының экстремистік қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу мәселелері бойынша өзара іс-қимылының жоғары деңгейі болып табылады.

Экстремизмге қарсы тұрудың шетелдік тәжірибесімен танысу: әр түрлі елдердегі экстремизм үшін заңды жауапкершіліктің жалпы белгілерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, сонымен қатар шетелдік тәжірибені зерттеу белгілі бір құбылысқа, оның ішінде экстремизмге қарсы күрестің құқықтық жүйесін жақсырақ зерттеуге, осы жүйенің оң және теріс жақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: экстремизм, халықаралық ынтымақтастық, экстремистік акт, қауіпсіздік, құқықтық реттеу.

БОРЬБА С МЕЖДУНАРОДНЫМ ЭКСТРЕМИЗМОМ: СОТРУДНИЧЕСТВО ГОСУДАРСТВ В ПРЕДУПРЕЖДЕНИИ ПРЕСТУПНОСТИ ЭКСТРЕМИСТСКОГО ХАРАКТЕРА

Аннотация: В данной статье затрагивается сложная и в то же время, глобальная тема как международное сотрудничество государств по

противодействию экстремистской деятельности. Особое внимание автор уделяет нормативно правовому регулированию противодействия экстремистской деятельности в рамках деятельности Организации Объединенных Наций и Шанхайской Организации Содружества,. Исходя из анализа рассматриваемой проблемы, автор приходит к выводу о том, что отличительными особенностями по вопросу международной ответственности за действия экстремистского толка в рамках Шанхайской Организации Содружества выступают: получение признания повышенной опасности экстремистских проявлений; наличие закрепленного определения экстремизма; высокий уровень взаимодействия правоохранительных органов государств членов ШОС по вопросам выявления, предупреждения и пресечения преступлений экстремистского характера.

Ознакомление с зарубежным опытом противодействия экстремизму позволит: выделить общие черты юридической ответственности за экстремизм в разных странах, кроме того, изучение зарубежного опыта позволяет лучше изучить свою правовую систему борьбы с тем или иным явлением, в том числе и экстремизмом, выявить положительные и отрицательные стороны этой системы.

Ключевые слова: экстремизм, международное сотрудничество, экстремистский акт, безопасность, правовое регулирование.

COMBATING INTERNATIONAL EXTREMISM: COOPERATION OF STATES IN THE PREVENTION OF EXTREMIST CRIME

Annotation: This article touches upon a complex and at the same time, global topic as international cooperation of states to counter extremist activities. The author pays special attention to the legal regulation of countering extremist activities within the framework of the activities of the United Nations and the Shanghai Commonwealth Organization,. Based on the analysis of the problem under consideration, the author comes to the conclusion that the distinctive features on the issue of international responsibility for extremist actions within the framework of the Shanghai Commonwealth Organization are: obtaining recognition of the increased danger of extremist manifestations; the presence of a fixed definition of extremism; a high level of interaction between law enforcement agencies of the SCO member states on the identification, prevention and suppression of extremist crimes character.

Familiarization with foreign experience in countering extremism will allow: to identify common features of legal responsibility for extremism in different countries, in addition, the study of foreign experience allows you to better study your legal system for combating this or that phenomenon, including extremism, to identify the positive and negative sides of this system.

Key Words: extremism, international cooperation, extremist act , security, legal regulation.

Халықаралық экстремизм-бұл заңсыз әрекет, оны жүзеге асыру конституциялық құрылыстың негіздеріне, сондай-ақ бір елдің де және бірқатар елдердің де азаматтарының өмірі мен денсаулығына және бүкіл әлемдік қоғамдастыққа айтарлықтай зиян келтіреді немесе келтіруі мүмкін.

Аса қауіпті экстремизмінің таралуы халықаралық қоғамдастықта үлкен алаңдаушылық тудырады. Мәселен, 100 мемлекетте жалданған 30 мың шетелдік террорист содырлардың бағалауы бойынша Сирия Араб Республикасы мен Иракқа, сондай-ақ Ауғанстан, Ливия және Йеменге осы елдердегі қақтығыстарға қатысатын террористік топтардың қатарына қосылды. Біраз уақыттан кейін көптеген шетелдік террорист содырлары өз елдеріне оралады немесе басқа ықтимал қақтығыс аймақтарына барады, олармен бірге алған тактикалық білім мен идеологиялық көзқарастарды әкеледі.

Халықаралық қауымдастық – ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейде – бұл құбылысты неғұрлым тиімді жақсы түсінуге әртүрлі әдістерді қолдануда. Бұл БҰҰ өкілеттілік саласына кіретін, соның ішінде қауіпсіздік кеңесі Жарғысының VII тарауында белгіленген шеңбердегі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің маңызды мәселелерін көтереді. Мәселен, террористік және зорлық-зомбылық экстремистік топтары басып алған аумақтардан кетуге мәжбүр болған миллиондаған адамдардың жаппай көші-қоны елеулі өңірлік тұрақсыздықты тудырды. Оның үстіне, бұл проблема басқа да жаһандық басымдықтарға, атап айтқанда, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге қатер төндіреді. БҰҰ Бас хатшысы әскери экстремизмнің алдын алу жөніндегі іс-қимыл жоспарында атап өткендей, "мүше мемлекеттер әскери экстремизм соңғы онжылдықта қол жеткізілген даму саласында көптеген нәтижелерге қол жеткізу қаупін тудыратыны туралы ескерту жасады. Теңсіздік, кедейлік және тиімсіз басқару сияқты даму мәселелерін қолдана отырып, әскери экстремизм бұл проблемаларды одан әрі ушықтырады және құлдырауға әкеледі, бұл ең алдымен маргиналданған топтардың жағдайын нашарлатады" [1]. Экстремизмге қарсы әмбебап деңгейде күрес, ең алдымен, көптеген жағдайларда экстремизмнің салдары халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіретінін түсінуден туындайды. Айта кету керек, бастапқыда БҰҰ Терроризмге, кейінірек экстремизмге назар аударды. Кейіннен экстремизм тіпті БҰҰ тарапынан ерекше назарға ие болды. Осыған байланысты бірнеше сұрақ туындайды: осы құбылыстарға қатысты БҰҰ саясатын өзгертуге қандай негіз болды? Бұл сұраққа эволюциялық тұрғыдан әмбебап негізде экстремизммен тікелей немесе жанама түрде байланысты барлық аспектілерді қарастырған жағдайда жауап беруге болады деп есептеймін. Бастапқыда халықаралық қоғамдастықтың күш-жігері негізінен терроризмге қарсы күреске бағытталды. БҰҰ қамқорлығымен мемлекеттер террористік деп саналатын түрлі актілерге қарсы күрес бойынша оннан астам конвенцияларды қабылдай алды. Бұл құжаттарға мыналар жатады: Халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдарға, оның ішінде дипломатиялық агенттерге қарсы қылмыстардың алдын алу және жазалау туралы Конвенция (1973 ж.); Кепілге алуға қарсы күрес туралы

халықаралық конвенция (1979 ж.); Ядролық материалды физикалық қорғау туралы Конвенция (1979 ж.); Бомбалық терроризмге қарсы күрес туралы халықаралық конвенция (1997 ж.); Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы халықаралық конвенция (1999 ж.) және т. б.

1994 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы (БҰҰ БА) қабылдаған № 49/60 қарарда "экстремизм" алғаш рет "терроризммен" қатар қолданыла бастады. Онда БҰҰ Бас Ассамблеясы "әлемнің көптеген аймақтарында терроризм актілері жиі жасалып жатыр, олардың негізінде төзбеушілік пен экстремизм жатыр" деп терең алаңдаушылық білдірді. Қарарда халықаралық қоғамдастықтың халықаралық терроризмді оның барлық нысандары мен көріністерінде жоюға деген шешімі көрсетілген. Бұл қарарда экстремизм алғаш рет халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп ретінде түсіндірілетінін атап өткен жөн [2].

2016 жылдың басында БҰҰ Бас хатшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының тапсырмасын орындау мақсатында "Зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алу жөніндегі іс-қимыл жоспары" қамтылған баяндаманы ұсынды. Бұл тұрғыда зорлық-зомбылық экстремизмінің терроризмге айналуына ықпал ететін факторлар мен жағдайлар талданады. Баяндамада "зорлық-зомбылық экстремизмі-бұл нақты анықтамасы жоқ көп қырлы құбылыс. Бұл жаңа немесе белгілі бір аймаққа, ұлтқа немесе сенім жүйесіне ғана тән емес". Іс-қимыл жоспарында зорлық-зомбылық экстремизміне ықпал ететін жағдайлар мен факторлардың тізбесі ғана емес, сондай-ақ бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау, орнықты даму, адам құқықтары мен құқық үстемдігін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерге нұқсан келтіретін оның салдарлары да қамтылған. Іс-қимыл жоспары бойынша экстремизмге қарсы күрестегі негізгі міндет оның пайда болу және таралу себептерін жою болып табылады.

Экстремизмге қарсы күрес аймақтық үкіметаралық ұйымдардың ерекше назарында. Ол Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Еуропа Кеңесі (ЕК), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕКЫҰ), Америка мемлекеттерінің ұйымы, Африка одағы, Араб мемлекеттерінің Лигасы сияқты ұйымдардың күн тәртібінде көрініс тапқан. Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы (АСЕАН) және т.б. алайда мұны экстремизмге қарсы күреске қатысты айту мүмкін емес.

Осыған байланысты Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) ерекшеленеді. Экстремизммен күресуге міндеттеме алған алғашқы арнайы халықаралық сипатта Шанхай конвенциясы болып табылады, қатысушы мемлекеттер терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы мойнына міндеттеме алып, қол қойған болатын. Конвенцияның атауынан экстремизм, терроризм мен сепаратизмге қарсы күреске бағытталғандығын атап көрсетуге болады. Бұл Конвенция үш қылмыстық әрекетті белгілейтін атаумен ғана емес, сонымен бірге осы әрекеттердің түсінігін анықтауға арналған нұсқаулықтармен де ерекшеленеді.

Халықаралық-құқықтық деңгейде "экстремизм" анықтамасы болмаған жағдайда Конвенцияның 1-бабы ережелерінің арақатынасы өте маңызды мәнге

ие, онда "экстремизм" анықтамасы және сол кезде қолданыста болған терроризмге қарсы әмбебап шарттар тізбеленген оған қосымша берілген. Бұл бапта экстремизм деп "билікті күшпен басып алуға немесе билікті күшпен ұстап тұруға, сондай-ақ мемлекеттің конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, сол сияқты қоғамдық қауіпсіздікке, оның ішінде жоғарыда аталған мақсаттарда заңсыз қарулы құрамаларды ұйымдастыруға немесе оларға қатысуға бағытталған қандай да бір іс-әрекет" түсініледі [3].

Әрине, негізгі биліктілік элементтерін көрсететін осы анықтамалар бар, олардың ерекшеліктері айқын, сондықтан олардың сипаттамаларын айқындауға болады. Бұл, өз кезегінде, Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің тиімді ынтымақтастығына, әсіресе қылмыстық істер мен ұстап беруге құқықтық көмек көрсетуге ықпал етеді.

Конвенция ШЫҰ - ға мүше мемлекеттердің құқық қорғау ведомстволары мен арнайы қызметтерінің басшыларының 2002 жылғы 23 мамырда Астанада өңірлік терроризмге қарсы құрылым құру туралы Келісім жобасын әзірлеуіне ықпал етті. Осы кездесуде сондай-ақ терроризмге қарсы құрылымды толық ауқымда іске қосу мүмкіндігі болуы үшін басқа да тиісті құжаттарды әзірлеу процесін жеделдету ұсынылды.

2002 жылғы 7 маусымда Санкт - Петербургте өткен ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер басшыларының кездесуінде Өңірлік терроризмге қарсы құрылым туралы келісімге қол қойылды, оның негізгі міндеті ШЫҰ - ға мүше мемлекеттер ұсынатын терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес мәселелері бойынша ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер ұсынатын терроризмге қарсы күрес туралы ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу болып айқындалатын халықаралық ынтымақтастық болып табылады.

2005 жылғы 5 шілдеде осы әрекеттерге қарсы іс-қимылдың негізгі мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын тұжырымдама қабылданды, атап айтқанда:

"- Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күреске ШЫҰ - ға мүше мемлекеттердің ортақ тәсілдерін тұжырымдау;

- ынтымақтастықтың құқықтық негіздерін жетілдіру, сондай-ақ терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес саласындағы ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің заңнамаларын дамыту және үйлестіру;

- Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің аумақтарында олардың салдарларын жою;

- ШЫҰ - ға мүше мемлекеттердің аумақтарында терроризмнің, сепаратизмнің және экстремизмнің алдын алу және жолын кесу;

- терроризмнің, сепаратизмнің және экстремизмнің кез келген нысандарын қаржыландыруға қарсы іс-қимыл;

- терроризмнің, сепаратизм мен экстремизмнің алдын алу, анықтау, жолын кесу және тергеу, ұйымдар мен оларға қатысы бар адамдардың қызметін анықтау

және жолын кесу бойынша ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің құзыретті органдарының өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру;

- халықаралық терроризмге қарсы ынтымақтастықты нығайтуға, әлемде терроризмді, сепаратизм мен экстремизмді толық қабылдамау ахуалын жасауға жәрдемдесу".

Осы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күресте мемлекеттердің ынтымақтастығы негізделетін қағидаттар да айқындалды. Ең алдымен, бұл халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормалары, сондай-ақ өзара сенім қағидаты. Тұжырымдамада терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес бойынша халықаралық қоғамдастық қабылдап жатқан күш-жігерде қосарланған стандарттар практикасы қолданылмауға тиіс екендігі атап өтіліп, терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге жүгінетін адамдар мен ұйымдар үшін күрестің маңыздылығын және жазаның сөзсіз болуын, сондай-ақ саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, алдын алу және басқа да шаралардың барлық арсеналын пайдалана отырып, осы қылмыстарға қарсы күресте кешенді тәсілді әзірлеу қажеттілігін атап көрсетеді.

2017 жылы ШЫҰ шеңберінде экстремизмге қарсы күреске арналған конвенция - Шанхай ынтымақтастық ұйымының экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі Конвенциясы әзірленіп, қабылданды. Бұл Конвенция, бір жағынан, біз талдаған екі актінің сабақтастығын сақтайды және экстремизмге қарсы іс-қимыл тетігіне жаңа элементтер енгізеді. Екінші жағынан, 2001 жылғы Конвенциямен салыстырғанда ол: біріншіден, " саяси, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық және діни қақтығыстарды зорлық-зомбылық және басқа да Конституцияға қарсы әрекеттер арқылы шешуге "бағытталған идеология мен практиканы енгізу арқылы" экстремизм" түсінігін кеңейтті; екіншіден, "экстремистік әрекет" деген жаңа ұғымды енгізді. Оған 2001 жылғы 15 маусымдағы «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясының» 1-бабы 1-тармағының 3- тармақшасында қарастырылған әрекеттер кіріп, мынадай анықтамалармен толықтырылды: қарулы бүлік ұйымдастыру және оған экстремистік мақсаттарға қатысу; экстремистік әрекетті құру, оған басшылық ету және оған қатысу деген әрекеттер түсініледі; саяси, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық және діни араздықты немесе алауыздықты қоздыру; адамның саяси, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық және діни қатыстылығы белгісі бойынша оның айрықшалығын, артықшылығын немесе кемдігін насихаттау; аталған іс-әрекеттерді жүзеге асыруға жария түрде шақыру; экстремизмді насихаттау мақсатында экстремистік материалдарды жаппай дайындау, сақтау және тарату" [4].

Еуропалық аймақ зорлық-зомбылық экстремистік әрекеттерімен байланысты көпетеген қиындықтарға тап болды. 2017 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының (ЕҚЫҰ) баяндамасында: «ЕҚЫҰ-да зорлық-зомбылық экстремизмі әсер етпеген елдер іс жүзінде жоқ. 2016 жылы ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттердегі террористік шабуылдар нәтижесінде мыңнан

адам қаза тапты. Бұл шабуылдар миллиардтаған евродағы мүлік пен инфрақұрылымның жойылуына әкеліп соқты, адамдардың Үкімет пен мекемелерге деген сеніміне нұқсан келтірді және әртүрлі этникалық және діни бірлестіктердің мүшелері арасында қорқыныш пен күдік тудырды. Зорлық-зомбылық экстремистері өлім мен жойылуды ғана емес, қоғамды жеккөрушілік идеологиясымен уландырады және бейбіт дамуға, диалог пен ынтымақтастыққа кедергі келтіреді. ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер бұл мәселені бұрыннан мойындаған» [5]. 2017 жылғы сол баяндамада оның авторы Питер Нейман ЕҚЫҰ-ның зорлық-зомбылық экстремизмі мен радикалдануға қарсы іс-қимылда кездесетін көптеген қиыншылықтары мен сын-қатерлеріне қарамастан, ұйымға тиімділікті арттыруға мүмкіндік беретін жеке аспектілер орын алды: (1) "оның жанжалдардың алдын алу мен шешудегі, олардың сақталуын көтермелеудегі рөлі". адам құқықтары және ұлттық азшылықтардың құқықтарын қорғау.... "; (2) " оның Орталық Азия мен Батыс Балқандағы күшті жергілікті қатысуы.....»; және (3) " оның мүшелік құрамының әртүрлілігі және ұйымдастырушылық әлеуеті.....» . Негізгі сын-қатерлердің ішінде Нейман негізгі мүдделі тараптардың көбінесе бір тілде сөйлемейтінін немесе зорлық-зомбылық экстремизмі мен радикалданудың негізгі факторлары немесе салдары туралы әртүрлі көзқарастары бар екенін атап өтті.

Терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл мәселелері Еуропа Кеңесі (ЕК) қызметінің басты бағыттарының бірі болып табылады. 1977 жылы Страсбургте терроризмнің жолын кесу туралы Еуропалық конвенция қабылданды, ол толығымен осы құбылысқа қарсы тұруға және Террористік актілерді жасаған адамдарды ұстап беру мәселелеріне арналған. 2015 жылы ек шеңберінде 2015 жылдан 2017 жылға дейінгі кезеңге арналған терроризмге әкелетін зорлық-зомбылық экстремизмі мен радикалдануға қарсы күрес жөніндегі іс-қимыл жоспары әзірленді. Іс-шаралар жоспары екі мақсатты көздеді: 1) терроризмге және зорлық-зомбылық экстремизміне қарсы күрес жөніндегі құқықтық базаны нығайту; 2) мектептерде, түрмелерде және Интернетте зорлық-зомбылықтың радикалдануының алдын алу.

ЕК сонымен бірге экстремизмге қарсы іс-әрекетке байланысты мәселелерді тікелей немесе жанама түрде шешуге бағытталған бірқатар басқа шараларды қабылдады, соның ішінде аудиовизуалды медиа қызметтер туралы Директива, оған сәйкес мүше мемлекеттер теледидар тарату және сұрау бойынша бейне қызметтері сияқты аудиовизуалды медиа қызметтерде қандай да бір материалдардың болуына жол бермеуге міндетті. белгісі бойынша жеккөрушілік тудырады нәсілі, жынысы, діні немесе ұлты. ЕК сондай-ақ түрмелердегі радикалданумен, жастармен өзара іс-қимылды жақсартумен, сондай-ақ радикалдануға ықпал ететін негізгі фактілерді жоюда үшінші елдерді (мысалы, ЕК-ға кірмейтін) қолдаумен байланысты мәселелерді шешуге бағытталған.

Терроризм мен зорлық-зомбылық экстремизмімен байланысты оқиғалардың өсуі Африка аймағындағы бейбітшілік пен қауіпсіздікке елеулі

